Ағылшын тілі даярлығын және SHGM мен EASA стандарттарына сәйкес әзірленген 4 жылдық кешенді оқу бағдарламасын аяқтаған түлектер әуе компанияларында, санитарлық авиацияда, бизнес-джеттер саласында, жүк тасымалы секторында және ұшу мектептерінде мансап құру мүмкіндігіне ие болады. Халықаралық алмасу бағдарламалары мен тағылымдамалар арқылы студенттер тек кәсіби құзыреттерін жетілдіріп қана қоймай, жаһандық деңгейде тәжірибе жинақтап, өз мансабына халықаралық көзқарас пен бәсекеге қабілеттілік қалыптастырады.

Болашағыңыз біз үшін маңызды.
Өмірлік жолда сізге сәттілік тілейміз

БОЛАШАҚ ТАҢДАУЛАРЫҢЫЗДА



Түркиямен танысыңыз

Түркия географиялық орналасуы жағынан да студенттерге көптеген артықшылықтар береді. Ел Азия мен Еуропа континенттерінің тоғысқан нүктесінде орналасқан және осы орналасуы тұрғысынан теңдессіз. Көптеген елдерге 4 сағаттан аз уақытта ұшуға болады.



СТУДЕНТТЕР ҮШІН ЕҢ ДӘМДІ ТАҒАМДАР

Донер: Қаладағы көптеген кебаб мейрамханаларының витриналарында тік білікке кигізіліп, айналдырылып пісірілген еттерді көресіз. Міне, бұл – Түркияға тән ерекше тағам – донер. Донердің студенттер үшін жақсы жағы – оны нанның ішіне салып (ekmek arası) жеуге де болады. Бұл оны жылдам, тойымды әрі қолжетімді тағамға айналдырады.

Манты: Өртүрлі елдерде ұқсас түрлері бар манты – ішіне тартылған ет салып дайындалған камыр бөліктері. Әдетте йогуртпен және томат пастасымен (салмасымен) беріледі.

Сорпа (Çorba): Түркияда барлық нәрсенің сорпасы жасалатынын байқайсыз. Көбінесе вегетариандық және сұйық болып келетін сорпаларда түрлі көкөністер мен бұршақ дақылдары қолданылады. Етті түрлері де бар сорпалар студенттің қалауы бойынша жеңіл түскі немесе кешкі ас үшін өте қолайлы.

Сулы бұршақ (Kuru fasulye) және палау (Pilav): Университет асханалары мен үй тағамдарын жасайтын мейрамханалар мәзірінің ажырамас бөлігі. Палау бұршақ немесе күріштен жасалады және көбінесе сұйық тағамдармен бірге беріледі. Айтулары бойынша, құрғақ бұршақты палаумен бірге жегенде оның тағамдық құндылығы бірнеше есе артады!

Бөрек, Гөзleme, Майлы бәліш: Камыр тағамдары таңғы ас пен аралық тамақтану кезінде сізді құтқаратын негізгі азықтар болып табылады. Университет асханаларында, наубайханаларда және кейбір мейрамханаларда олардың көптеген түрлерін таба аласыз.

CEYDA KARAASLAN

Түркияның қоғамдық, экономикалық, мәдени және саяси өміріне ең көп ықпал ететін факторлардың бірі — оның әлем картасындағы географиялық орны. Ел Азия мен Еуропа континенттерінің тоғысқан нүктесінде орналасқан және осы орналасуы тұрғысынан теңдессіз. Түркия Балқан, Кавказ, Таяу Шығыс және Жерорта теңізі аймақтарының тоғысында орналасқан. Осы географиялық жағдайдың нәтижесінде, мысалы, мына елдерге барлықтарын Стамбұлдан 4 сағаттан аз уақытта ұшуға болады: Финляндия, Марокко, Испания, Біріккен Араб Әмірліктері, Мысыр, Ресей, Түрікменстан, Ұлыбритания. Түрік Әуе Жолдары (ТНУ) — әлемнің ең көп бағыттарына тікелей ұшатын

әуекомпанияларының бірі.

Түркия аумағы жағынан өте үлкен ел. Тіпті, барлық Еуропа континентінде аумағы ең үлкен ел — Түркия. Елдің шығыс пен батыс шекаралары арасындағы қашықтық 2 мың километрден асады. Анатолия мен



Фракия жерлері, Чанаккале мен Стамбұл бұғаздарында бір-біріне жақындайды. Осы екі континентті Стамбұлдағы 3 көпір арқылы құрлық жолымен де байланыстыруға болады. Егер сен жақсы жүзуші болсаң, Түркияның Ұлттық Олимпиадалық Комитеті әр жыл сайын ұйымдастыратын Құрлықаралық жүзу жарысына қатысып, ерекше тәжірибе алуға болады.

СІЗДІ ЕРЕКШЕ ТАБИҒАТ КҮТЕДІ

Түркия солтүстік, батыс және оңтүстікте теңізбен қоршалған жартылай арал ел. Сонымен қатар, Түркияның географиясы негізінен таулы және орташа биіктігі 1132 метр. Түркияның жері сондай-ақ сансыз өзендер мен көлдермен безендірілген. Еліміздің ең ұзын өзені Қызылырмақ, көне өзендер Ефрат және Тигр, сондай-ақ ішкі теңізге ұқсас үлкендікке ие Ван көлі — осының бәрі Түркияның табиғи ғажайыптарының басты өкілдері. Әр жыл сайын миллиондаған жергілікті және шетелдік туристер осы табиғи кереметтерді көру үшін Түркияға ағылып келеді.

ТӨРТ МЕЗГІЛ БІРДЕЙ ӨТЕДІ

Түркия, географиялық орналасуы мен өзіндік ерекшеліктерінің нәтижесінде әртүрлі климаттық аймақтарды көруге болатын ел болып табылады. Үш жағынан теңізбен қоршалған және жерінің көп бөлігі таулы және биік болып келетін елде, ішкі және жағалаудағы

аймақтар арасында айтарлықтай климаттық айырмашылықтар бар. Батыс және оңтүстік жағалауларда Жерорта теңізі климаты басым, және қыста осы

аймақтарда жауған жаңбыр мөлшері өте аз. Бірақ биіктігі жоғары ішкі аймақтарда Жерорта теңізі елдеріне қарағанда өте суық қыс мезгілдері орын алады.

ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ ГАСТРОНОМИЯ

Түрік қоғамында күнделікті өмір, тамақтану және ұзаққа созылатын дастарханның айналасында қалыптасқан. Үй тіршілігінің орталығы асхана болып табылады. Үлкен қалаларда да отбасылар кешкі асын көбінесе бірге және үйде ішкенді жөн көреді. Әсіресе қонақтар күтілген тамақтан кейін үстел бірден жинастырылмайды, ұзақ әңгімелесіп, музыка тыңдалып, көңіл көтеріледі. Түрік асханасы бай ингредиенттермен және үлкен еңбекпен жасалған тағамдарымен әлемге әйгілі. Бұл бірегей дәмдерді мейрамханаларда немесе қонаққа келген үйде татып көруге болады. Үйде ас әзірлеу өте кең тараған. Жаңа піскен азық-түліктерді көкөніс базарларынан, супермаркеттерден немесе аптасына бір рет жұмыс істейтін базарлардан сатып ала аласыз.

Екінші жағынан, Түркияда үйде тамақ әзірлеу қаншалықты кең тараған болса да, сыртта ас ішу үшін дәстүрлі тағамдардан бастап қарапайым сэндвичтерге дейін көптеген әртүрлі және тойымды нұсқалар бар. Қызыл/ақ ет және теңіз өнімдерінен жасалған тағамдар мен вегетариандық баламаларды ұсынатын мейрамханалар мен кафелер барлық үлкен қалаларда оңай табылады.

УНИВЕРСИТЕТ АСХАНАЛАРЫ

Көптеген университеттерде студенттерге күніне 2 немесе 3 рет тамақ ұсынатын асхана бар. Дайын тағамдарды (tabldot) немесе мәзірден таңдауға болатын (alakart) тағамдардың бағасы мемлекет тарапынан субсидияланатындықтан өте қолайлы. Көптеген университеттерде орталық асханадан басқа кафелерде, мейрамханаларға және кафелерге де тап болуға болады. Асхана мәзірінен келесі тағамдарды көрсетіңіз, міндетті түрде жіберіп алмаңыз. Бұл – Түркиядан кетпей тұрып дәмін татып көруіңіз керек ерекше дәмдер.

- ◆ Карныарық (Karnıyarık)
- ◆ Имамбайылды (Imambayıldı)
- ◆ Тас кебабы (Tas Kebabi)
- ◆ Жапрак сарма (Yaprak Sarma)
- ◆ Кебаб (Kebab)
- ◆ Баклава (Baklava)
- ◆ Қазандиби (Kazandibi)



ТҮРІК ТІЛІ ДЕҢГЕЙІ

еткен жағдайда, қабылданған университетте өз бағдарламасына кіресіз. Қабылданған мектепте дайындық мектебінен бөлек түрік тілін қолдаушы сабақтардың берілу-берілмейтінін міндетті түрде тексеріңіз.

Түркия стипендиялары аясында университеттерге қабылданған студенттер, ай сайынғы стипендиядан бөлек, университет жарнасын, жатақхана төлемін, жалпы медициналық сақтандыру сияқты шығындарын өтей алады және бір академиялық жыл бойы тегін түрік тілі білімін алады. Бұл жылдың соңында студенттерден С1 деңгейіндегі түрік тілін меңгеру сертификатын алуы күтіледі. С1 сертификатын алған студенттер университеттегі білімін жалғастырады. Сәтсіздікке ұшыраған студенттерге келесі академиялық

жылдың басына дейін қосымша уақыт пен емтихан тапсыру құқығы беріледі. Сондай-ақ, Түркияда жоғары білім алуды бастамас бұрын, тіпті Түркияға келмей тұрып, түрік тілін үйрену үшін Юнус Эмре Институтына (YEE) жүгінуіңізге болады. Түрік мәдениетін, тілін және өнерін таныстыру арқылы халықаралық диалогқа үлес қосуды мақсат еткен YEE, бүгінде 46 түрлі елде жалпы 58 орталықпен қызмет көрсетеді.

Түркияға келгеннен кейін түрік тілін үйрену үшін көптеген мемлекеттік университеттер жанындағы Түрік тілі қолданбалы зерттеу орталығына (TÖMER) жүгінуіңізге болады. Әртүрлі қалаларда орналасқан TÖMER филиалдарында Бастауыш, Орта және Жоғары деңгейлерде берілетін түрік тілі курстарына жазылуыңызға болады.

trendyol

Жаһандық идеялар,
Түркияның күші
біртұтас кәсіпкерлік рух.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТУДЕНТТЕРДІҢ ОРТАҚ ТАҢДАУЫ: БАУ (BAU)

BAU Global мүшесі Бахчешехир университеті (BAU) академиялық жетістіктері, технологиямен интеграцияланған білім беру модельдері, материалдық-техникалық базасы, халықаралық серіктестіктері және ұсынатын мүмкіндіктері арқылы Түркияда да, әлемде де студенттердің таңдаулар тізімінің басында орын алады.

Қамқоршылар кеңесінің төрағасы Энвер Юджел болып табылатын Бахчешехир университеті 1998 жылы коммерциялық мақсат көздемейтін вакуф университеті ретінде Еуропа мен Азияның тоғысқан нүктесіндегі Ыстамбұлда құрылған. Университет құрамында 10 факультет, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты, консерватория, қолданбалы ғылымдар және денсаулық сақтау кәсіптік жоғары мектебі бар. Медицина, фармацевтика, стоматология, консерватория және құқық салаларымен бірге жалпы 58 бакалавриат бағдарламасы бар. Сонымен қатар, BAU құрамында 31 зерттеу орталығы және 92 студенттік клуб қызмет етеді. Қазіргі таңда BAU-да 30 мың студент білім алуға, олардың ішінде әлемнің түкпір-түкпірінен келген 7 мыңнан астам шетелдік студент те оқиды. Студенттердің BAU-ды негізден таңдағаны туралы сұраққа берген жауаптары мынадай: «Ыстамбұлдың қаласында орналасуы және халықаралық беделі». «Бизнестік әлемімен, технологиялармен және инновациялармен ықпалдасқандықтан, оның жай ғана университеттен де артық болуы».

APPLY BAU АРҚЫЛЫ ГРАНТ

Әлемнің жетекші университеттерінде қолданылатын және Түркияда алғаш рет Бахчешехир университеті (BAU) тарапынан ApplyBAU атауымен енгізілген қабылдау жүйесі өз саласында жетістікке жеткен көптеген студенттерге емтихан нәтижелеріне қарамастан грант береді.

СО-ОР БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ БИЗНЕС ӘЛЕМІНЕ ДАЙЫНДЫҚ

Бахчешехир университеті СО-ОР білім беру моделі арқылы студенттерін өңбек нарығына дайындайды. «Кампусым – жұмыс орным» қағидаты негізінде жүзеге асырылатын бұл модель университет пен бизнес әлемін бір арнаға тоғыстырады. Түркияда алғаш рет 2008 жылы BAU енгізген, студенттер мен компанияларды байланыстыратын осы модель аясында 11 мыңнан астам студент өндірістік тәжірибе бағдарламаларына орналастырылды. Студенттер бір жағынан жұмыс тәжірибесін жинақтаса, екінші жағынан тәжірибеден өткен компаниялардан жұмысқа орналасу жөнінде ұсыныс алу мүмкіндігіне ие болады. BAU-ға тән бірегей білім беру моделі болып саналатын брендтік пәндерде серіктес компаниялар өздерінің оқу мазмұнын әзірлеп, өз брендтерімен ашылған пәндер арқылы қызмет ететін



«МҮНДА САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ БІЛІКТІ ҒАЛЫМ-ПЕДАГОГТАР БАР».

Имран Улаев (BAU Саясаттану және халықаралық қатынастар бөлімі)
«Мен Түркияны таңдадым, себебі сапалы білім мен жарқын болашақтың осында екеніне сенемін. «Бұл университетті таңдадым, себебі мұнда бір-бірімен тату әрі достық қарым-қатынаста болатын көптеген студенттік қауымдастықтар бар. «Сонымен қатар, мұндағы жоғары деңгейдегі білім беру мен білікті оқытушылар құрамы мені қатты қуантты. Мұнда келгеннен кейін мен тез арада достар тауып, жаңа ортаға оңай бейімделдім. Біздің университет орналасқан өңірде таза ауа мен тамаша табиғат көрінісі бар.»

«ТҮРКИЯДА БОЛҒАНЫМА ӨТЕ ҚУАНЫШТЫМЫН».

Алсапар Иранов (BAU Бизнес басқару бөлімі)
«Қай елде білім алатынымды таңдау маған оңай болған жоқ, бұл шешімді қабылдауға көп уақыт жұмсадым. Ақырында халықтарымыз арасындағы жақын байланыстар мен мұнда ислам дінінің кең таралғанын ескере отырып, өзім үшін ең қолайлы таңдау ретінде Түркияны таңдадым. Бұл шешіміме өте ризамын. Университеттегі BAUHub, СО-ОР және BAUGlobal сияқты құрылымдар студенттерге үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Университеттегі студенттердің алуан түрлілігі мен ортаның қарапайым әрі ашық болуы менің діни құндылықтарыма сай келеді, бұл мені қуантады. Бұл халықаралық университет болғандықтан, мұнда студенттердің түрлі мәдениеттерін таныстыратын көптеген іс-шаралар өткізіледі. Соның жарқын мысалдары ретінде жуырда өткен Наурыз мерекесін және алда өтетін «Халықаралық күн» шарасын атауға болады. Осындай іс-шаралар маған өте ұнайды. Үйімнен алыс жүрсем де, мұндай сәттерде өзімді туған ортада жүргендей сезінемін. Сонымен қатар, мен мұнда әлемнің түкпір-түкпірінен көптеген достар таптым. Университетте әртүрлі қызығушылықтарға арналған белсенді клубтар көп, мен де олардың іс-шараларына жиі қатысамын.»



саласы мен тәжірибелік қолдануларын таныстырады. Университет пен сектор арасындағы ынтимақтастық оқытушылардың қатысуымен оқу аудиторияларына енгізілген осы бағдарлама аясында бүгінгі күнге дейін 30 173 студент білім алу мүмкіндігіне ие болды.

ЖАС КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ЖОЛ СІЛТЕУШІ: BAU HUB

Бахчешехир университетінде кәсіпкер жастардың компания құру үдерісінде BAU HUB, BIZ Lab, BUG Lab, Hub Kulluқа және Hub Belgium бағдарламалары бағыт-бағдар беріп, экожүйедегі жас кәсіпкерлерге үлкен қолдау көрсетеді. Сонымен қатар, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропалық Одақ, TÜBİTAK, KOSGEB сияқты ұйымдардан қаржылық қолдау алу үдерісінде де менторлық көмек көрсетіледі. BAU HUB Кәсіптік инкубация орталығының құрамындағы HUB Belgium бағдарламасы арқылы Еуропа нарығына шығуды көздейтін компанияларға қолдау беріледі. Ал BAU HUB-пен тығыз байланыста жұмыс істейтін BAU TEKMER ойын және ақпараттық технологиялар саласындағы жас кәсіпкерлерге қызмет көрсетеді.

ЖЕТІСТІКТЕРІМЕН ТАНЫЛҒАН BAU

Әлемдегі ең беделді жоғары білім беру рейтингтік ұйымдарының бірі болып саналатын Times Higher Education (THE) Impact Rankings 2025 деректеріне сәйкес, Бахчешехир университеті әлем бойынша 59-орынға ие болды. THE ұйымы жариялаған 2026 жылғы пәндік рейтинг нәтижелері бойынша BAU білім беру ғылымдары саласында 1-орынға ие болып, Түркиядағы ең үздік қауым университеті атанды. BAU өнер және гуманитарлық ғылымдар саласында 3-орынды, инженерия саласында

4-орынды, ал әлеуметтік ғылымдар саласында 5-орынды иеленіп, жоғары нәтижелерімен ерекшеленді.

Түркия экспорттаушылар кеңесінің (TİM) «Білім беру саласындағы экспорт» сыйлығын бірнеше рет иеленген Бахчешехир университеті 2025 жылы да түрік брендтерінің халықаралық бәсекесіне қабілеттілігін арттыру мақсатында жүзеге асырылып, 20 жылдығын атап өткен Turquality қолдау бағдарламасы аясында қызмет экспортындағы жетістігі үшін марапатқа ие болды.

ЖАҒАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖЕЛІСІ АРҚЫЛЫ БҮКІЛ ӘЛЕМГЕ ЖОЛ АШЫҚ

Бахчешехир университеті басқа жоғары оқу орындарынан өзгеше ретінде жаһандық білім беру тұжырымдамасы аясында алмасу бағдарламаларымен қатар, өзіне ғана тән мүмкіндіктерді ұсынып, студенттеріне әлемнің көптеген елдерінде білім алу мүмкіндігін береді. Сонымен қатар, бұл мүмкіндіктер BAU Global желісіне кіретін мекемелер орналасқан Германияның Берлин, АҚШ-ы Вашингтон, Грузияның Батуми және Солтүстік Кипрдің Гирне қалаларында да ұсынылады.

Студенттер BAU Global желісіне

кіретін Mentora College оқу орны арқылы Вашингтон қаласында академиялық дамуға бағытталған кешенді ағылшын тілі бағдарламасы бойынша білім ала алады. Бұдан бөлек, студенттер Dual Up жүйесі арқылы Berlin International University of Applied Sciences университетінде ұсынылатын бағдарламалар бойынша пәндерді өзара сәйкестендіріп, Германияда бір жыл білім алу арқылы қос диплом иегері атану мүмкіндігіне ие болады.

Вашингтон қаласында орналасқан BAU Global желісінің тағы бір мүшесі — Bay Atlantic University әлемнің түкпір-түкпірінен келген студенттерге бакалавриат және магистратура (MBA) деңгейлерінде білім алу мүмкіндігін, сондай-ақ онлайн сертификаттық бағдарламаларды ұсынады. BAU-да бакалавриаттың 3-курсін аяқтаған студенттер Kansas University School of Law оқу орнында білім алып, бакалавр дипломын Түркиядан, ал магистр дәрежесін АҚШ-тан алу құқығына ие болады. АҚШ-тағы заңгерлік білім бағдарламасын сәтті аяқтаған студенттер Нью-Йорк, Калифорния, Вашингтон, Джорджия және Висконсин штаттарында адвокаттар алқасының емтихандарына қатысу құқығына ие болады.

BAU CAMPUS: ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ӨНДІРІС ОРТАЛЫҒЫ

Бахчешехир университетінің биыл қолданыстағы кешен аумағында есігін ашқан BAU Campus орталығы академия мен салалық сектордың ықпалдастығын, жасанды интеллектпен интеграцияланған білім беруді, көпсалалы зертханаларды, мәдениет пен өнерге жақын кеңістіктерді, әлемнің өз саласындағы беделді мамандарын қабылдайтын конгресс орталығын, интерактивті оқу инфрақұрылымын, мансаптық қолдауға негізделген мамандандыру бағдарламаларын және халықаралық серіктестіктерді біріктіре отырып, студенттер мен Ыстамбұл тұрғындарына қызмет көрсетуде.

BAU Campus аумағында заманауи кітапхана, жоғары технологиялық аудиториялар, инженерлік ғылымдарға арналған электр, басқару және автоматтандыру, құрылыс инженериясы, антенна және байланыс, қуат электроникасы, робототехника, химия, генетика, ақылды энергияны басқару жүйелері зертханалары орналасқан. Сонымен қатар, Озық ғылымдар және медициналық инженерия бағыты аясында физика, нанооптика, жасуштану, қозғалысты талдау және биомедициналық инженерия зертханалары да жұмыс істейді.

Ыстамбұлдың қал ортасындағы BAU – студенттер үшін үлкен мүмкіндік мекені BAU Global президенті Энвер Юджел: «Жаңа буын университеттері болашақтың талаптарына сай жаңаруы тиіс»

BAU Global және Бахчешехир университетінің Қамқоршылар кеңесінің төрағасы Энвер Юджел (Enver Yücel) білім беру тұжырымдамасы, технологияларды интеграциялау, халықаралық деңгейде даму және болашақ мамандықтары сияқты көптеген маңызды мәселелер бойынша өз көзқарастары мен пайымдарын ортаға салды. Қоғамдардың болашағын айқындайтын ең маңызды салалардың бірі білім беру екенін атап өткен Юджел, Ыстамбұлдың қал ортасында орналасқан Бахчешехир университеті ұсынатын мүмкіндіктері, серіктестіктері және қуатты білім беру тұжырымдамасы арқылы жергілікті әрі халықаралық студенттер үшін аса маңызды мүмкіндік орталығына айналғанын және оның жай ғана университеттен әлдеқайда артық екенін айтты.

Төраға Юджел білім беру саласында жобалық және тәжірибеге бағытталған тәсілдің маңызы артып келе жатқанын айтып, студенттердің өзіне сенімді, командада жұмыс істей алатын және көшбасшылық қасиеттерге ие тұлға болып қалыптасуын мақсат ететіндерін жеткізді. Бүгінгі әлемде білімнің өте жылдам өзгеріп жатқанын атап өткен Юджел: «Кешегі біліммен бүгінгі шындықты толық түсіну мүмкін емес». «Университеттер енді тек білім беретін мекеме ғана емес, қолда бар білімді тәжірибеде қолдануға айналдыратын орталықтар болуы тиіс», – деді ол.

Юджел BAU Global желісінің мүшесі Бахчешехир университетін құру барысында ғалымдармен және бизнес әлемінің өкілдерімен ұзақ уақыт кеңескендерін айтып, университеттің негізгі ұстанымы «халықаралық деңгейдегі әрі тәжірибемен тығыз байланысқан университет болуы» қағидатына негізделгенін атап өтті. «Біз бүгіннің емес, ертеңнің жаңа буын университеттерін қалыптастыруымыз керек, әрі соны

жүзеге асырып жатырмыз», – деген Юджел технологияның білім беру саласын түбегейлі өзгертетін маңызды күшке айналғанын ерекше атап өтті. Юджел әсіресе мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз ету тұрғысынан технологияның аса маңызды рөл атқаратынын атап өтіп, Түркияда қашықтан білім беру бағытындағы жұмыстарды бірнеше жыл бұрын бастағандарын айтты. Сондай-ақ ол жасанды интеллект негізіндегі жүйелердің бүгінде студенттер үшін цифрлық көмекшіге айналғанын ерекше атап өтті.

Юджел Бахчешехир университетінің халықаралық серіктестіктеріне де тоқталып, оқу орнының әлемнің шамамен 150 университетімен келісімдері бар екенін және студенттердің түрлі елдерде білім алу мүмкіндігіне ие екенін атап өтті. Ол АҚШ-тағы Bay Atlantic University, Германиядағы Berlin International University және Грузиядағы BAU Медицина университеті секілді оқу орындары арқылы жаһандық білім беру желісін қалыптастырғандарын айтты.

ЫСТАМБҰЛДЫҢ ӨЗІ – ҮЛКЕН УНИВЕРСИТЕТ

Юджел Ыстамбұлдың көпмәдениетті құрылымы университеттің дамуына зор үлес қосатынын атап өтіп, оқу орнында әлемнің шамамен 140 елінен келген студенттердің білім алып жатқанын айтты. Оның сөзінше, университеттегі 30 мыңға жуық студенттің шамамен әр бесіншісі шетел азаматы болып табылады. «Ыстамбұлдың өзі – тұтас бір университет», – деген Юджел Бахчешехир университетінің халықаралық студенттер үшін тартымды әрі беделді жоғары оқу орындарының бірі екенін атап өтті. Юджел жастарға берген кеңесінде болашақта адамдардың бүкіл өмірін бір ғана мамандықпен байланыстырмайтынын айтып, өмір бойы білім алудың маңыздылығына ерекше назар аударды. Юджел студенттердің өздері қызығушылық танытатын салаларда терең білім мен тәжірибе жинақтауы қажет екенін айтып, білім беру бағдарламаларының да өзгеріп жатқан өмір талаптарына сай қайта әзірленуі тиіс екенін атап өтті.



УНИВЕРСИТЕТТЕН ДЕ АРТЫҚ МҮМКІНДІКТЕР ӘЛЕМІ...

- СТАМБҰЛДЫҢ ЖҮРЕГІНДЕ ОРНАЛАСҚАН BAU CAMPUS
- 67 ЕЛДЕГІ 360 УНИВЕРСИТЕТПЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКІ
- DUAL-UP: БАҒДАРЛАМАСЫ: ЕКІ ЕЛДЕ БІЛІМ АЛЫП,
ЕКІ ДИПЛОМ ИЕЛЕНУ МҮМКІНДІГІ
- СО-ОР АРҚЫЛЫ 3200 СЕРІКТЕС КОМПАНИЯДА ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТУ МҮМКІНДІГІ
- ЗАМАНАУИ ЗЕРТХАНАЛАР МЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚТАР
- BAU NETWORK АРҚЫЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӘСІБИ БАЙЛАНЫСТАР ӘЛЕМІНЕ ЖОЛ АШЫҢИЗ



Түрік университеттеріне қабылдау талаптары: 10 сұрақ пен жауапта

Түркияда білім алғысы келетін халықаралық студенттердің саны жыл сайын артып келеді. Ал шетелдік студенттер Түркия университеттеріне қалай өтініш береді? TR-YÖS емтиханы дегеніміз не? Қандай құжаттар қажет? Медицина және инженерия сияқты мамандықтарға қабылдау қалай жүзеге асырылады? Міне, халықаралық студенттерді ең көп қызықтыратын сұрақтар мен олардың жауаптары...

CEYDA KARAAŞLAN

Бүгінде Түркияда 350 мыңнан астам халықаралық студент білім алуда. Африкадан Балқан түбегіне, Орталық Азиядан Еуропаға дейінгі әлемнің көптеген елдерінен келген жастар білім алу үшін Түркияны таңдауда. Алайда жоғары оқу орындарына қабылдау жүйесі көптеген талапкерлер үшін бастапқыда күрделі болып көрінуі мүмкін. Соңғы жылдары шетелдік студенттерді қабылдау тәртібіне бірқатар маңызды өзгерістер енгізілді. Соның нәтижесінде Шетелдік студенттерге арналған емтихан (TR-YÖS) жүйесі халықаралық талапкерлерді қабылдау үдерісінде негізгі тетіктердің біріне айналды. Міне, Түркияда жоғары білім алғысы келетін талапкерлер білуі тиіс негізгі мәліметтер...

1. TR-YÖS (ТҮРКИЯҒА АРНАЛҒАН ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫ) ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

TR-YÖS, яғни «Түркияға шетелден студент қабылдау емтиханы» – Түркиядағы жоғары оқу орындарына түсікі келетін халықаралық талапкерлер үшін Өлшеу, іріктеу және орналастыру орталығы (ÖSYM) өткізетін орталықтандырылған емтихан. Бұл емтихан университеттердің шетелдік студенттерді қабылдау үдерісінде пайдаланылатын маңызды бағалау құралдарының біріне айналды. Бүгінде көптеген мемлекеттік университеттер шетелдік студенттерді қабылдау кезінде Түркияға шетелден студент қабылдау емтиханының (TR-YÖS) нәтижелерін негізгі өлшем ретінде қабылдайды. Түркияға шетелден студент қабылдау емтиханы (TR-YÖS) түрік, ағылшын, араб және басқа да бірнеше тілде өткізіледі.

2. КІМДЕР ӨТІНІШ БЕРЕ АЛАДЫ?

Түркияға шетелден студент

ТҮРКИЯ УНИВЕРСИТЕТІНЕ ҚАБЫЛДАНУДЫҢ 5 ҚАДАМЫ

1. Түркияға шетелден студент қабылдау емтиханын (TR-YÖS) немесе талап етілетін өзге емтиханды тапсырыңыз.
2. Университеттерді зерттеп, оқу бағдарламаларын салыстырыңыз.
3. Қажетті құжаттарды дайындаңыз.
4. Онлайн өтініш беріңіз.
5. Қабылданғаннан кейін тіркеу мен виза рәсімдерін аяқтаңыз.

ЕК ЕМТИХАН ЕМЕС, ДҰРЫС СТРАТЕГИЯ ДА МАҢЫЗДЫ

Мамандардың пікірінше, соңғы жылдары халықаралық студенттерді қабылдау жүйесі анағұрлым кәсіби әрі орталықтандырылған сипатқа ие болды. Алайда сәтті өтініш беру үшін тек емтиханға дайындалу жеткіліксіз. Студенттер: университеттер туралы жан-жақты ақпарат жинауы, қабылдау квоталарын тұрақты бақылауы, құжаттарды рәсімдеу үдерісін дұрыс ұйымдастыруы, оқыту тілі мен оқу қаласын мұқият таңдауы қажет. Өйткені бүгінде Түркияда жоғары білім алуды таңдаған талапкерлер тек университетке ғана емес, сонымен қатар көпмәдениетті студенттік ортаға, сапалы академиялық мүмкіндіктерге және жаһандық мансаптық перспективаларға да қадам басады.



қабылдау емтиханына (TR-YÖS) шетел азаматтары, Көк карта (Mavi Kart) иелері, белгілі бір талаптарға сай келетін қос азаматтығы бар тұлғалар және орта білімін толықтай шетелде аяқтаған талапкерлер қатыса алады.

Соңғы жылдары енгізілген өзгерістерге сәйкес, Түркияда орта білім алған кейбір шетелдік студенттердің Жоғары оқу орындарына түсу емтиханы (YKS) жүйесіне бағытталуы да назар аудартып отыр. Мамандардың пікірінше, талапкерлер өздерінің азаматтық мәртебесі мен орта мектепті аяқтау жағдайын мұқият зерделеуі қажет.

3. ТҮРКИЯҒА ШЕТЕЛДЕН СТУДЕНТ ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНА (TR-YÖS) ҚАЛАЙ ӨТІНІШ БЕРЛЕДІ?

Өтініштер Өлшеу, іріктеу және орналастыру орталығының (ÖSYM) ресми жүйесі арқылы онлайн түрде қабылданады. Талапкерлер өтініш беру барысында:

- паспорт деректерін,
- жеке мәліметтерін,
- фотосуретін,
- байланыс ақпаратын жүктеп, тіркеу рәсімін аяқтайды.

Түркияға шетелден студент қабылдау емтиханы (TR-YÖS) жылына екі рет өткізіледі. Түркияға шетелден студент қабылдау емтиханының (TR-YÖS) екінші кезеңіне өтініш қабылдау биыл 2026 жылғы 9 шілде мен 3 тамыз аралығында жүргізіледі. Ал кешіктірілген өтініштер 2026 жылғы 7–11 тамыз күндері қабылданады. Түркияға шетелден студент қабылдау емтиханы (TR-YÖS) 2026 жылғы 11 қазанда өтеді.

4. ЕМТИХАННАН ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕ КӨРСЕТУ УНИВЕРСИТЕТКЕ ҚАБЫЛДАНДЫ ДЕГЕНДІ БІЛДІРЕ МЕ?

Жоқ. Түркияға шетелден студент қабылдау емтиханын (TR-YÖS) балл алу университетке тікелей қабылдану дегенді білдірмейді.

Талапкерлер емтихан нәтижесін алғаннан кейін оқуға түсікі келетін университеттерге бөлек өтініш береді. Университеттер талапкерлерді өздерінің қабылдау квоталары мен іріктеу талаптарына сәйкес бағалайды. Сондықтан тек Түркияға шетелден студент қабылдау емтиханына (TR-YÖS) дайындалу ғана емес, университеттердің қабылдау талаптары мен өтініш беру шарттарын да мұқият қадағалау

маңызды.

5. БАҢЫҚАРАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТТЕР ТҮРКИЯҒА ШЕТЕЛДЕН СТУДЕНТ ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ (TR-YÖS) НӘТИЖЕЛЕРІН ҚАБЫЛДАЙ МА?

Мемлекеттік университеттердің басым бөлігі Түркияға шетелден студент қабылдау емтиханының (TR-YÖS) нәтижелерін қабылдайды. Алайда кейбір қауым университеттері талапкерлерді бағалаудың өзге тәсілдерін де қолдануы мүмкін. Кейбір оқу орындары аттестаттың орташа бағасын, халықаралық емтихан нәтижелерін немесе қосымша әңгімелесуден өтуді талап етуі мүмкін.

Сондықтан талапкерлер әр университеттің халықаралық студенттермен жұмыс жөніндегі бөлімінің талаптары мен шарттарын жеке-жеке мұқият зерделеуі қажет.

6. ТЕК ЕМТИХАН НӘТИЖЕСІ ҒАНА МАҢЫЗДЫ МА?

Әрдайым емес. Кейбір университеттер талапкерлерді бағалау кезінде мектеп аттестатының орташа бағасын, ұлттық емтихандардың нәтижелерін, халықаралық емтихан сертификаттарын және ұсыным хаттарын да ескереді. Әсіресе бәсекелестік деңгейі жоғары мамандықтарда талапкердің академиялық жетістіктері мен оқу үлгерімі маңызды рөл атқарады.

7. МЕДИЦИНА ЖӘНЕ СТОМАТОЛОГИЯ МАМАНДЫҚТАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР ҚАТАН БА?

Иә. Әсіресе медицина, стоматология және фармацевтика сияқты денсаулық сақтау саласындағы бағдарламаларда бәсекелестік деңгейі өте жоғары. Кейбір университеттер бұл мамандықтарға қабылдау кезінде тек Түркияға шетелден студент қабылдау емтиханынан (TR-YÖS) өте жоғары балл жинаған талапкерлердің өтініштерін қарайды. Орын санының шектеулі болуына байланысты жыл сайын мыңдаған талапкер осы білім беру бағдарламаларына өтініш береді. Мамандардың пікірінше, денсаулық сақтау саласындағы мамандықтарға түсу үшін қажет көрсеткіштер мен бәсекелестік деңгейі жыл сайын артып келеді. Ең жоғары бәсекелестік

байқалатын бағдарламалар қатарына медицина, стоматология, фармацевтика, бағдарламалық инженерия және авиация салалары жатады.

8. ӨТІНІШ БЕРУ ҮШІН ҚАНДАЙ ҚҰЖАТТАР ҚАЖЕТ?

Университетке қарай талаптар әртүрлі болуы мүмкін, алайда әдетте мынадай құжаттар сұралады:

- Паспорт
- Орта мектеп туралы аттестат (мектеп бітіру туралы диплом)
- Транскрипция
- Түркияға шетелден студент қабылдау емтиханының (TR-YÖS) нәтижесі туралы құжат
- Фотосурет
- Жеке куәлік немесе азаматтығын растайтын құжаттар
- Кейбір мамандықтар үшін қосымша құжаттар

Көптеген құжаттар үшін нотариалды куәландіру немесе ресми аударма талап етілуі мүмкін. Сондықтан талапкерлерге құжаттарды дайындау және рәсімдеу жұмыстарын алдын ала бастаған жөн.

9. ӨТІНІШТЕР ҚАШАН ҚАБЫЛДАНАДЫ?

Әдетте университеттер шетелдік студенттерден өтініш қабылдауды жаз айларынан бастайды. Алайда әр университеттің қабылдау күнтізбесі әртүрлі болғандықтан, талапкерлер тиісті жоғары оқу орындарының ресми сайттарын тұрақты түрде бақылап отыруы қажет. Кейбір университеттер қосымша қабылдау мен қосымша гранттық орындар бойынша да іріктеу жүргізуі мүмкін.

10. ҚАБЫЛДАУДАН ӨТКЕН СТУДЕНТТЕРДІ ҚАНДАЙ ҮДЕРІС КҮТЕДІ?

Қабылданған студенттер, түпкілікті тіркеуден өту, студенттік виза, тұруға рұқсат (ықтиярхат), медициналық сақтандыру рәсімдеу, гранттық орындар бойынша да іріктеу жүргізуі мүмкін. Орын санының шектеулі болуына байланысты жыл сайын мыңдаған талапкер осы білім беру бағдарламаларына өтініш береді. Мамандардың пікірінше, денсаулық сақтау саласындағы мамандықтарға түсу үшін қажет көрсеткіштер мен бәсекелестік деңгейі жыл сайын артып келеді. Ең жоғары бәсекелестік

арқасында студенттердің Түркиядағы өмір мен оқу жүйесіне тезірек бейімделуіне жағдай жасалады. Әсіресе шетелге алғаш рет шыққан студенттер үшін университеттердің кеңес беру және қолдау қызметтері ерекше маңызды ие.

ҚАНША БАЛЛ ЖИНАУ ҚАЖЕТ?

- 250–300 балл: көптеген білім беру бағдарламаларына өтініш беру мүмкіндігі бар.
- 300–400 балл: беделді мемлекеттік университеттерге түсу кезінде айтарлықтай артықшылық береді.
- 400 балл және одан жоғары: медицина және стоматология мамандықтарына түсу үшін жоғары бәсекеге қабілетті көрсеткіш болып саналады.

ТҮРКИЯҒА ШЕТЕЛДЕН СТУДЕНТ ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫ (TR-YÖS) ҚАНДАЙ ЕМТИХАН?

Түркияда жоғары білім алғысы келетін халықаралық студенттерді ең көп қызықтыратын мәселелердің бірі – Түркияға шетелден студент қабылдау емтиханы (TR-YÖS). Бұл емтихан талапкердің білім деңгейін ғана емес, сонымен қатар математикалық ойлау қабілетін, мәселе шешу дағдыларын және аналитикалық ойлау деңгейін де бағалайды. Емтихан барысында талапкерлерге жалпы саны 80 сұрақ ұсынылады. Талапкерлерге 80 сұрақты орындау үшін 100 минут уақыт беріледі. Түркияға шетелден студент қабылдау емтиханында (TR-YÖS) әрбір 4 қате жауап 1 дұрыс жауаптың нәтижесін жояды. Түркияға шетелден студент қабылдау емтиханының (TR-YÖS) нәтижелері стандартталған бағалау жүйесі бойынша есептеледі. Емтихан нәтижелері әдетте 100 бен 500 балл аралығында қалыптасады.

Жылжымайтын мүлік саласын жаңадан ашамыз!

Ақылдырақ, оңайырақ, жақсырақ!

arsaVev революциялық инвестициялық модельдерімен жылжымайтын мүлік саласын қайта қалыптастыруда. Жер телімі немесе үй болсын, біз мүлікке ие болуды оңайырақ, ақылдырақ және қолжетімдірек етеміз. Тіпті үйлерді жердің бағасымен сатып ала аласыз. Бізбен бірге жылжымайтын мүліктің болашағына қадам басыңыз!

Balıkesir



İzmir Kıyıköy



Kuşadası



İzmir Merkez



arsaVev

444 0 931 | arsavev.com.tr

Түркияда университетте білім алудың артықшылықтары

Кампустан да ауқымды мүмкіндіктер әлемі

Бүгінде жастар тек диплом алуды ғана емес, сонымен қатар болашақ мансабын қалыптастырып, белсенді әлеуметтік ортаға араласып, әлемдік деңгейде дамуға мүмкіндік беретін елдерді таңдауда. Түркия білім беру сапасы, технологиялық әлеуеті, бай мәдениеті мен заманауи өмір салты арқылы халықаралық студенттердің назарын барған сайын көбірек аударып келеді.

CEYDA KARAASLAN

Әлемде халықаралық студенттердің мобильділігі жыл сайын артып келеді. Алайда қазіргі талапкерлердің таңдау критерийлері бұрынғыдан әлдеқайда кең. Бір кездері беделді университетке түсу басты мақсат болса, бүгінде жастар білім сапасымен қатар әлеуметтік өмірді, технологиялық эжжүйені, мансаптық мүмкіндіктерді, өмір сүру шығындарын және оқу аяқталғаннан кейінгі перспективаларды да ескереді. Осы тұрғыдан алғанда Түркия соңғы жылдары халықаралық білім беру орталықтарының біріне айналып келеді. Жас халқы, қарқынды дамып жатқан университеттік инфрақұрылымы, заманауи кампустары мен технологиялық инвестициялары арқылы ел шетелдік студенттер үшін тартымды бағыт саналады. Әсіресе Стамбұл, Анкара, Измир, Бурса, Анталия және Ескішехир қалалары біліммен қатар әлеуметтік және мәдени өмірдің кең мүмкіндіктерін ұсынады.

ЕУРОПА МЕН АЗИЯНЫ ЖАЛҒАЙТЫН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ

Түркияның басты артықшылықтарының бірі — оның бірегей географиялық орналасуы. Еуропа мен Азияның тоғысқан жерінде орналасқан ел студенттерге әртүрлі мәдениеттермен жақын танысуға мүмкіндік береді. Стамбұлдан бірнеше сағат ішінде Еуропа астаналарына, Балқан елдеріне, Кавказ өңіріне, Таяу Шығыс мемлекеттеріне және Солтүстік Африкаға жетуге болады. Бұл халықаралық мансап құруды мақсат еткен жастар үшін үлкен мүмкіндік болып саналады. Көптеген студенттер Түркияны тек білім алатын мемлекет ретінде емес, сонымен қатар аймақтық байланыстар орталығы ретінде бағалайды. Мұнда оқитын жастар университет қабырғасында жүріп-ақ халықаралық кәсіби желілерін қалыптастыра бастайды.

БЕЛСЕНДІ КАМПУС ӨМІРІ

Соңғы жылдары Түркия университеттеріндегі кампус өмірі түбегейлі өзгеріске ұшырады. Бүгінде университеттер тек білім беретін орын ғана емес, студенттік өмірдің нағыз орталығына айналды. Кампустарда жүздеген студенттік клубтар мен ұйымдар белсенді жұмыс істейді. Технологиялық қауымдастықтар, кәсіпкерлік орталықтары, әлеуметтік жауапкершілік жобалары, спорт клубтары, өнер бірлестіктері мен халықаралық студенттер ұйымдары жастарға жан-жақты дамып, белсенді әлеуметтік орта қалыптастыруға мүмкіндік береді. Көптеген университеттерде жыл бойы концерттер, фестивальдер, мансап форумдары, хакагондар, стартап байқаулары және түрлі мәдени іс-шаралар өткізіледі. Осындай белсенді орта халықаралық студенттердің Түркияға тез бейімделуіне ықпал етеді. Бүгінде әртүрлі елдерден келген студенттердің бірлескен жобаларда жұмыс істеуі мен жаңа идеяларды бірге жүзеге асыруы Түркия кампустарындағы күнделікті қалыптасқан көрініске айналған.



КОЛЖЕТІМДІ БАҒА МЕН ТИІМДІ ШЫҒЫНДАР

Түркияның назар аударарлық артықшылықтарының бірі – білім алу мен өмір сүру шығындарының көптеген елдермен салыстырғанда анағұрлым қолжетімді болуы. Еуропа мен Солтүстік Американың ірі қалаларымен салыстырғанда Түркияда тұрғын үй, көлік, тамақтану және күнделікті өмір шығындары әлдеқайда үнемді. Әсіресе мемлекеттік университеттердегі оқу ақысы көптеген елдерге қарағанда төмен деңгейде сақталған. Сонымен қатар студенттерге арналған көлік карталары, әлеуметтік нысандар, жатақхана мүмкіндіктері және кампус ішіндегі қызметтер де қаржылық тұрғыдан қосымша артықшылық береді.

Сарапшылардың пікірінше, бұл фактор Африка, Орталық Азия, Балқан түбегі және Таяу Шығыс елдерінен келетін студенттердің Түркияны таңдауына елеулі ықпал етеді.

КӨПМӘДЕНИЕТТІ ОРТА

Түркияда білім алып жатқан жүздеген мың халықаралық студент әртүрлі мәдениеттердің бір кампуста тоғысуына мүмкіндік береді. Көптеген университеттерде ондаған елден келген жастар бір аудиторияда білім алып, ортақ жобаларға қатысып, түрлі әлеуметтік іс-шараларда бас қосады. Мұндай орта студенттердің тек академиялық тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік жағынан

да дамуына ықпал етеді. Өйткені қазіргі еңбек нарығында мәдениетаралық қарым-қатынас құра білу қабілеті ерекше маңызға ие.

Түркияда білім алған жастар әртүрлі мәдениет өкілдерімен бірге өмір сүру тәжірибесін студенттік кезеңнен бастап жинақтайды. Халықаралық студенттер түрік халқының ашық мінезін, қонақжайлылығын және адамдар арасындағы қарым-қатынастағы шынайылығын жиі атап өтеді. Әсіресе кампуста қалыптасқан достық байланыстардың оқу аяқталғаннан кейін де сақталатыны ерекше бағаланады.

ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДАМУЫ

Соңғы жылдары Түркияда ғылыми-зерттеу зертханаларының қолданбалы білім беру орталықтарының және технопарктерге салынатын инвестициялардың саны қарқынды өсіп келеді. Университеттер студенттерді тек теориялық біліммен ғана емес, тәжірибелік жобалар арқылы да қолдауға басымдық береді.

Әсіресе инженерия, денсаулық сақтау ғылымдары, жасанды интеллект, бағдарламалық қамтамасыз ету, биотехнология және қорғаныс технологиялары салаларында заманауи зерттеу орталықтары жұмыс істейді. Көптеген студенттер диплом алмай тұрып-ақ ғылыми зертханаларда тәжірибе жинақтап, технологиялық

компаниялармен бірлесіп жүзеге асырылатын жобаларға қатысады. Кейбір университеттерде студенттер оқу барысында-ақ стартап командаларының құрамына кіріп, инновациялық бастамаларға атсалыса алады. Осылайша

ТҮРЛІ-ТҮСТІ ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІР

Бүгінде халықаралық студенттер тек оқу үдерісіне ғана емес, күнделікті өмір сапасына да ерекше мән береді. Түркияда студенттер концерттерден фестивальдерге, мәдени-өнер шараларынан спорттық іс-шараларға дейінгі сан алуан әлеуметтік белсенділіктерге оңай қатыса алады. Кафелер, кітапханалар, жағалау аймақтары, әлеуметтік нысандар және студенттік іс-шаралар жастардың жаңа орта қалыптастырып, достық байланыстар орнатуына қолайлы жағдай жасайды. Сонымен қатар түрік асханасының байлығы мен алуан түрлілігі де шетелдік студенттердің ерекше қызығушылығын тудыратын маңызды факторлардың бірі болып саналады.

ДИПЛОМНАН ДА АРТЫҚ МҮМКІНДІКТЕР

Сарапшылардың пікірінше, бүгінгі студенттер тек диплом алуды ғана емес, сонымен қатар тәжірибе жинақтауды, кең әлеуметтік орта қалыптастыруды және халықаралық байланыстар орнатуды көздейді. Түркияда білім алатын жастар көпмәдениетті ортада өмір сүріп, әртүрлі елдерден келген адамдармен берік қарым-қатынас орнатады әрі оқуын аяқтағаннан кейін ауқымды халықаралық желінің бір бөлігіне айналады.

Сондықтан Түркиядағы жоғары білім бүгінде тек академиялық үдеріс ретінде қарастырылмайды. Ол жастар үшін мансаптық өсуге, жеке дамуға, мәдени тәжірибе жинауға және жаһандық байланыстар орнатуға жол ашатын маңызды мүмкіндікке айналған. Осы артықшылықтардың арқасында Түркия халықаралық студенттер үшін барған сайын тартымды әрі ықпалды білім беру орталығы ретінде танылып келеді.

жастар тек аудиториядағы біліммен шектелмей, нақты өндіріс пен бизнес саласының тәжірибесін менгеру мүмкіндігіне ие болады.

ДАМЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕ

Қорғаныс өнеркәсібі, жасанды интеллект, ойын әзірлеу, бағдарламалық қамтамасыз ету және медициналық технологиялар салаларындағы қарқынды даму Түркияны жастар үшін барған сайын тартымды бағытқа айналдырып келеді. Университеттер мен жеке сектор арасындағы ынтымақтастықтың күшеюі студенттердің мансаптық жоспарларына тікелей әсер етеді. Әсіресе Стамбұл мен Анкарадағы технопарктерде көптеген жас кәсіпкерлер мен студенттер бір инновациялық ортада жұмыс істеп, тәжірибе алмасады. Көптеген студенттер оқуын аяқтамай тұрып-ақ технологиялық компанияларда тағылымдамадан өтуге немесе түрлі жобаларды әзірлеуге мүмкіндік алады. Сарапшылардың пікірінше, бүгінгі буын студенттері тек жұмыс іздеуші емес, өз жобаларын жүзеге асырып, жеке бизнесін құруды мақсат ететін тұлғаларға айналуға. Түркиядағы технология саласына бағытталған инвестициялардың артуы да осы ұмтылыстарды қолдайтын маңызды факторлардың бірі ретінде бағаланады.

ТАРИХ ПЕН ЗАМАНАУИ ӨМІРДІҢ ҮЙЛЕСІМІ

Түркияны ерекшелендіретін басты қырлардың бірі – тарихи мұра мен заманауи өмір салтын қатар ұсына алуы. Студенттер бір жағынан әлемдегі ең маңызды тарихи қалалардың біріне өмір сүрсе, екінші жағынан заманауи кампустарда сапалы білім алу мүмкіндігіне ие болады.

Әсіресе Стамбұл осы ерекшелігімен жастардың ерекше қызығушылығын тудырады. Тарихи ескерткіштер, мұражайлар, өнер орталықтары, концерт алаңдары, кафелер, технологиялық хабтар және университет кампустары қала өмірінің ажырамас бөлігіне айналған.

Ал Измир мен Анталия теңіз жағалауындағы өмір салты мен белсенді әлеуметтік ортасымен танымал. Анкара академиялық әлеуеті мен студенттер қауымының көптігімен ерекшеленсе, Ескішехир жас тұрғындарының көптігі және студенттерге қолайлы атмосферасымен жоғары бағаланады.



КОНЬЯ – ЖАСТАРДЫҢ, БІЛІМНІҢ, ТАРИХ ПЕН СПОРДЫҢ ҚАЛАСЫ

Конья қаласының мэрі Уур Ибраһим Алтай (Uğur İbrahim Altay) ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне енген Шаталхөюктен бастау алатын 9 500 жылдық тарихында көптеген өркениеттерге мекен болған Коньяның тарихи, мәдени және табиғи туризммен қатар жастардың, білім мен спорттың да қаласы екенін атап өтіп, барлық жастарды жоғары білім алу үшін Коньяға шақырды.

Конья қаласының мэрі Уур Ибраһим Алтай Түркияның тарихи астаналарының бірі саналатын Коньяның мыңдаған жылдарға созылатын бай тарихы бар және ғасырлар бойы көптеген өркениеттерге мекен болған ерекше қала екенін айтты.

Уур Ибраһим Алтай Конья аумағында орналасқан, ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне енген Шаталхөюктің адамзаттың ең көне қоныстарының бірі екенін және оның тарихы 9 500 жыл бұрын бастау алатынын атап өтті. Ол сол кезден бүгінгі күнге дейін Конья жерінде көптеген өркениеттер қалыптасып, дамып, гүлденгенін айтты.

ЖАСТАР МЕН СТУДЕНТТЕР ҚАЛАСЫ

Анадолының дәл орталығында орналасқан, аумағы 42 мың шаршы шақырымды құрайтын және халқы 2,3 миллионнан асатын Конья бес университетте білім алып жатқан 130 мың студенті бар, білім деңгейі жоғары қала болып саналады. Конья оқытушылар құрамы саны және күндізгі бөлімде оқитын студенттер саны бойынша Түркияда 4-орында тұр. Коньядан Ыстанбұлға, Анкараға, Ескішехирге және Караманға жоғары жылдамдықты пойыз арқылы қатынауға болады. Конья әуежайынан Ыстамбұл мен Измир қалаларына тұрақты әуе рейстері жүзеге асырылады.

Конья қаласының мэрі Уур Ибраһим Алтай: «Жастарымыз үшін Коньяның муниципалдық басқару үлгісі аясында ондаған жобаны жүзеге асырып келеміз» деді. «Жастар мәслихаты, Жастар орталығы, Жұмыс істейтін жастар мәслихаты, Жастар мәдениет картасы бағдарламасы, KAPSÜL технологиялық платформасы, Әлеуметтік инновациялар агенттігі, сондай-ақ жастар мен білім беру лагерлері сияқты көптеген жобаларды жастардың игілігі үшін іске асырдық», – деді.

ЖАСТАР МӘДЕНИЕТ КАРТАСЫ

Конья қаласы әкімдігі тарапынан қалада тұрып, білім алып жатқан университет студенттерінің әлеуметтік, мәдени, білім беру және спорттық іс-шараларға қатысуын және қызығушылығын арттыру мақсатында әзірленген Жастар мәдениет картасы бағдарламасы кең ауқымды әлеуметтендіру бағдарламасы ретінде назар аудартады.

Студенттер Жастар мәдениет картасы арқылы қалада ұйымдастырылатын әлеуметтік жауапкершілік жобаларына қатысып, жинаған ұпайларын театр, концерт, спорт және білім беру іс-шараларына жұмсай алады. Жастар мәдениет картасы мүшесі болып табылатын жастар смартфон қосымшасы арқылы кітаптар, онлайн білім беру, спорттық мүшеліктер сияқты ұтыс ойындарына да қатыса алады.

КАПСУЛА (KAPSÜL) ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПЛАТФОРМАСЫ

Технология және инновация саласына



қызығатын студенттерге арналған, еліміздің Ұлттық технологиялық серпілісіне үлес қосу және технологияға бағытталған жобаларды қолдау мақсатында құрылған Капсула (KAPSÜL) технологиялық платформасында жиналған жастар Текнофест (TE-KNOFEST) жарыстарында қаланы және елді таныту үшін үлкен ынтымақ істеуде.

Еліміздің ең ірі ғылыми фестивальдерінің бірі – Конья ғылым фестивалін 10-рет ұйымдастырған Конья қаласы әкімдігі, Түркияның Ғылыми және технологиялық зерттеу кеңесі (TUBITAK) қолдауымен ашылған алғашқы әрі ең ірі ғылыми орталық болып саналатын Конья ғылым орталығында да ғылымға қызығатын он мыңдаған жасты қабылдап келеді.

Қала конференциялары арқылы әр ай сайын қала орталығында және аудандарда танымал тұлғалар жастармен кездеседі. Жыл сайын ұйымдастырылатын Конья кітап күндері жүздеген жазушыны қолтаңба күндерінде оқырмандармен кездестіреді. Конья қалалық театры арқылы жыл сайын ондаған түрлі қойылым Селжүк Конгресс орталығында он мыңдаған көрерменге ұсынылады.

КӨЛІК ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША ЕҢ АРЗАН ҚАЛА – КОНЬЯ

Конья қаласының әкімі Уур Ибраһим Алтай Конья қаласы әкімдігі ретінде Түркиядағы ең үлкен географиялық аумақта көлік қызметін көрсететіндерін айтып, қала орталығында трамвай мен автобустардың, ал шалғай аудандарда автобустардың қоғамдық көлік қызметін атқаратынын жеткізді. Ол көлік паркін үнемі экологиялық таза көліктермен жаңартып отыратындарын атап өтіп: «Коньяда студенттердің көлік шығынын ірі қалалар арасында ең қолайлы бағамен қамтамасыз етуді жалғастырып келеміз»,

– деді. «Біздің қаламызда студенттердің бір рет міну ақысы 12 TL. Ал бір ай бойы шексіз жол жүруге мүмкіндік беретін абонемент 450 TL», – деді ол.

МЫҚТЫ СПОРТТЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Коньяның соңғы жылдары спорт саласында айтарлықтай маңызды жетістіктерге қол жеткізгенін атап өткен әкім Уур Ибраһим Алтай былай деді: «Қаламыздың әр бұрышында спорт сүйер қауым үшін жаңа спорт алаңдарын жасалдық. Барлық жас санаттарына арналған, спортты ынталандыратын ондаған жобаны жүзеге асырдық. Он мыңдаған азамат қатысатын марафондар мен фестивальдер ұйымдастырамыз. Сонымен қатар, 55 елден 4 200 спортшы қатысқан 5-ші Ислам ынтымақтастық ойындарына қонақ болдық. 2023 жылы Дүниежүзілік спорт астанасы атанған Коньямыз 2026 жылы Еуропаның велосипед астанасы болып таңдалды.» Сонымен қатар, Ислам ынтымақтастық ұйымының Жастар форумы тарапынан 2026 жылға Ислам ынтымақтастық ұйымының Жастар астанасы атағы берілді», – деді.

ВЕЛОСИПЕД ҚАЛАСЫ

Конья табиғи географиялық құрылымына байланысты Түркияда велосипед ең көп қолданылатын қала болып саналады. Велосипедті қолдануды одан әрі арттыру үшін Түркияға үлгі болатын жобаларды жүзеге асырғандарын айтқан Конья қаласының әкімі Уур Ибраһим Алтай былай деді: «680 шақырым велосипед жолымен бұл салада Түркияда айқын лидерміз. Сондай-ақ қаламызға Түркиядағы алғашқы велосипед мұражайын әкелдік. Бұдан бөлек, алғаш рет іске қосылған велосипед трамвайымыз да үлкен қызығушылыққа ие болып отыр», – деді.

Коньяда қала бойынша тегін велосипед жөндеу станциялары, велосипед көпірлері, велосипедке арналған бағдарламалар, велосипед күту бекеттері, Ақылды велосипед көлік жүйесі (ABUS), электр велосипедтерін жалға беру қызметі және велосипед тасымалдау құрылғылары орнатылған автобустар ерекше назар аударады.

БІР-БІРІНЕН КЕРЕМЕТ МҰРАЖАЙЛАР БАР

Коньяның мыңдаған жылдық тарихы мен бай мәдени қабатымен нағыз ашық аспан астындағы мұражай іспетті екенін атап өткен Конья қаласының әкімі Уур Ибраһим Алтай былай деді: «Біздің Конья, ең алдымен, Мевлана Жалаледдин Румидің мұражайы және басқа да тарихи әрі табиғи көрікті жерлерімен жыл сайын миллиондаған қонақты қарсы алады.» Біз де қала әкімдігі ретінде қаламызға әкелген; Чаталхөюк таныстыру және қарсы алу орталығы, Тас ғимарат цифрлық таныстыру орталығы, Депо №4, Конья панорама мұражайы, Ирфан

өркениетін зерттеу және мәдениет орталығы сияқты нысандар қаламыздың рухани атмосферасын, тарихи мен мәдениетін әсерлі түрде көрсетеді. Мен баршаңызды төрт мезгіл де әсем болатын Коньяға шақырамын.


ӨНЕРКӘСІП, САУДА ЖӘНЕ ЖҮМЫСПЕН ҚАМТУ

Конья 12 ұйымдастырылған өнеркәсіп аймағы және 2 технологияны дамыту аймағымен еліміздің маңызды ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және сауда орталығы болып саналады. Қалада машина жасау, автомобиль қосалқы бөлшектері өнеркәсібі, металл құю, тамақ өнеркәсібі, көлікке арналған жабдық өндірісі, пластик қаптама, аяқ киім өндірісі, ауыл шаруашылығы

машиналары мен жабдықтары және диірмен машиналарын жасау сияқты бәсекеге қабілетті салалар алдыңғы қатарда тұр.

КОНЬЯҒА ШАҚЫРАМЫЗ

Біріккен қалалар мен жергілікті басқару ұйымының (UCLG) тең төрағасы, Түркі әлемі муниципалитеттер одағының төрағасы және Конья қаласының мэрі Уур Ибраһим Алтай Коньяның бір-бірінен құнды университеттері, білім беру инфрақұрылымы, жастарға арналған мүмкіндіктері, сондай-ақ тарих, мәдениет және табиғи туризмнің ең үздік үлгілерімен тамаша қала екенін атап өтіп, барлық жастарды жоғары білім алу үшін Коньяға шақырды.



Дүниежүзінің ең қауіпсіз білім беру орталығы: Түркия



CEYDA KARAASLAN

Соғыстар, экономикалық дағдарыстар, визалық кедергілер мен саяси белгісіздіктер халықаралық білім беру картасын қайта өзгертті. Қауіпсіздік пен тұрақтылық іздеген студенттер бағытын Түркияға бұрды. Соңғы 10 жылда халықаралық студенттер санын шамамен 15 есеге арттырған Түркия, жаһандық білім берудің де ең қауіпсіз еліне айналды.

Дүниежүзінде бірінен соң бірі болған соғыстар, саяси дағдарыстар мен экономикалық ауытқулар тек экономикаға ғана емес, халықаралық білім беру секторына да терең әсерін тигізді. Бір кездері студенттердің басты мақсаты әлемнің ең беделді университеттеріне қабылдану еді. Бірақ бүгінде бұл жағдай үлкен деңгейде өзгерді. Қауіпсіздік, қолжетімділік, виза алудың жеңілдігі, жанына жайлы жағдай (жатын орын, тұрмыс) мен қоғамдық тыныштық енді университет таңдауда академиялық жетістік сияқты маңызды рөл атқара бастады.

Бұл жаңа кезеңде Түркия жаһандық студенттер қозғалысында ерекше көзге түскен елдердің бірі ретінде алға шығып отыр. Жоғары білім беру кеңесінің (YÖK) мәліметтеріне сәйкес, соңғы жылдары халықаралық студенттер санында үлкен өсім байқалған Түркияда бүгінгі таңда жүз мыңдаған шетелдік студент білім алууда. Ресми мақсат — 2030 жылға қарай 1 миллион халықаралық студентке жету. Сарапшылардың пікірінше, Түркияның бұлай өрлеуіне университеттер санының көбеюі ғана емес, оның геосаяси орны мен дағдарысты кезеңдерде ұсынған қауіпсіз ортасы да себеп болуда. Еуропа мен Азия арасында көп қызметін атқаратын Түркия, әсіресе соңғы жылдары аймақта болып жатқан шиеленістерге байланысты студенттер үшін “тұрақты баспана” ретінде қарала бастады.

Қауіпсіз елдер алдыға шығуда

Ресей-Украина соғысы, Газадағы гуманитарлық дағдарыс, Таяу Шығыстағы қақтығыстар, Ирандағы қоғамдық толқулар мен Батыс елдерінде қатаңдап жатқан миграциялық саясат жастардың білім алу жоспарларына тікелей әсер етуде. Әсіресе АҚШ, Канада және кейбір Еуропа елдерінде визалық процестердің созылуы, қымбат өмір сүру шығындары мен күшейіп жатқан қауіпсіздік мәселелері отбасыларды жаңа баламалар іздеуге мәжбүр етуде.

Шетелде білім алу бойынша кеңесшілердің айтуынша, енді отбасылардың бірінші сұрағы “Университет қаншалықты жақсы?” емес, “Балам ол жерде қауіпсіздікте бола ма?” дегенге саяды. Соңғы жылдары студенттердің таңдау критерийлерінде үлкен өзгерістер болғанына назар аударған мамандар, әсіресе мұсылман аймақтарынан келген отбасылар жақынырақ, мәдени жағынан сәйкес келетін және қауіпсіз

елдерді таңдай бастағанын айтады. Түркия болса бұл тұрғыда бір уақытта көптеген артықшылықтарды ұсынады. Географиялық жақындық, мәдени ұқсастық, көліктің ыңғайлылық, салыстырмалы түрде тиімді өмір сүру шығындары және виза алу мүмкіндігі Түркияны әсіресе аймақ елдері үшін қуатты баламаға айналдырып отыр.

Ирандық студенттердің қызығушылығы артты

Түркияны таңдаған студенттердің айтарлықтай бөлігін ирандық жастар құрайды. ЭЫДҰ (OECD) мәліметтеріне сәйкес, 110 мыңнан астам ирандық студент шетелде білім алады. Түркия болса мәдени жақындығы мен көліктің ыңғайлылығы бойынша бұл студенттер ең көп ұмтылатын елдердің қатарына кіреді.

YÖK мәліметтері бойынша, Түркияда білім алатын ирандық студенттердің саны 35 мыңнан асты. Сарапшылардың пікірінше, Ирандағы экономикалық қиындықтар, жастар арасындағы жұмыссыздық, қоғамдық қысымдар мен келешекке деген алаңдаушылық бұл қызығушылықты одан сайын арттыра түседі. Әсіресе соңғы уақытта Ирандағы университеттердің кампустарында қауіпсіздік шараларының күшейтілуі, кейбір студенттік жатақханалардың жабылуы және экономикалық белгісіздіктердің артуы жастарды шетелден білім іздеуге итермелеуде. Батыс пен АҚШ-тағы ұзаққа созылатын визалық процестер болса Түркияны одан да қолжетімді баламаға айналдыруда.

Шетелдік білім беру кеңесшілерінің

айтуынша, ирандық студенттер Түркиядан диплом ғана емес, еркін әрі халықаралық қоғамдық өмірді де табуда. Стамбул, Анкара, Измир, Эскишехир және Конья сияқты қалаларда қалыптасқан халықаралық студенттік қауымдастықтар да жаңадан келген студенттердің тез бейімделуіне жағдай жасауда.

Батыстағы визалық кедергілер әсерін тигізді

АҚШ пен Канаданың соңғы жылдарда жүргізген қатаң виза саясаты да халықаралық студенттердің қозғалысына тікелей әсер етуде. Студенттер енді оқуға қабылдану үшін ғана емес, визалық процестен сәтті өту үшін де үлкен күрес жүргізуде. Әсіресе кейбір елдерден жасалған өтініштерде визадан бас тарту көрсеткіштерінің өсуі және айлап созылатын белгісіздіктер отбасыларды баламалы елдерге бағыт алуға мәжбүр етуде. Мамандардың пікірінше, Түркия бұл процесте анағұрлым айқын және түсінікті жүйе ұсынғаны үшін ерекшеленіп тұр.

Соңғы жылдары Ұлыбритания мен Канадада халықаралық студенттердің жұмыс істеу құқықтарына байланысты енгізілген жаңа ережелер де таңдауға әсер етуші факторлардың қатарында көрсетіледі. Пәтер ақысының және өмір сүру шығындарының өсуі де студенттердің шешімдерін қайта қалыптастыруда. Түркияда болса, әсіресе мемлекеттік университеттерде оқу ақысының салыстырмалы түрде тиімділігі көңіл аудартады. Вақф (жекеменшік) университеттері тарапынан

ұсынылатын гранттар мен стипендиялық мүмкіндіктер де халықаралық студенттердің қызығушылығын арттыруда.

Орталық Азияның бағыты өзгерді

Ресей-Украина соғысынан кейін Орталық Азия елдерінен келген студенттердің білім алу таңдауларында да елеулі өзгерістер орын алды. Бұған дейін Ресейді таңдаған көптеген студент енді Түркияға бет алууда. Сарапшылардың пікірінше, соғыстан туындаған қауіпсіздік алаңдаушылықтары, экономикалық санкциялар мен аймақтағы белгісіздік жағдайы жастарды басқа елдерге бағыт алуға мәжбүр етті. Түркия болса мәдени байланыстары мен академиялық әлеуеті арқылы бұл процесте маңызды артықшылыққа ие болды.

Түркі тілдес республикалардан келген студенттер үшін тілдің жақындығы да маңызды фактор ретінде бағалануда. Әсіресе инженерия, медицина ғылымдары, халықаралық қатынастар және бағдарламалық камтамасыз ету (IT) салаларында Түркияға деген қызығушылық өсуде.

Кампустар жаһандануда

Түркиядағы университеттер де халықаралық студенттердің қозғалысына сәйкес жаңа қадамдар жасауда. Ағылшын тіліндегі бағдарламалардың саны өсіп жатқан тұста, университеттердегі халықаралық студенттер бөлімдерінің (офистерінің) қызметі күшейтілуде. Кампустарда әртүрлі мәдениетке жататын студенттер жиналған көпұлтты

қоғамдық орта қалыптасуда.

Көптеген университет енді академиялық жетістіктермен ғана шектелмей, кампус өмірі, технологиялық инфрақұрылымы, зерттеу орталықтары мен мансаптық мүмкіндіктерімен де ерекшеленуге тырысуда. Технопарктер, кәсіпкерлік орталықтары мен халықаралық алмасу бағдарламалары да студенттердің қызығушылығын арттыруда.

Мамандар халықаралық студенттерді тек экономикалық пайда әкелуші тұлғалар ретінде көрмеу керектігін баса айтады. Білім алу үшін Түркияға келген жастар ұзақ мерзімді перспективада өз елдері мен Түркия арасында мәдени және экономикалық көпірлер құрауына назар аударылууда.

Газадан Орталық Азияға білім көпірі

Түркияның соңғы жылдары жүргізген білім беру дипломатиясы, әсіресе, дағдарысты аймақтарда айқындық көріне бастады. Газада болған гуманитарлық дағдарыстан кейін көптеген университет палестиналық студенттер үшін арнайы квоталар бөлді. Мемлекет тарапынан қолдау тапқан гранттық (стипендиялық) бағдарламалардың арқасында жүздеген жас Түркияда білім алу мүмкіндігіне ие болды.

Осыған ұқсас жолмен соғыс пен дағдарысты жағдайлардан зардап шеккен көптеген елден келген студенттер үшін де Түркия қауіпсіз білім беру орталығы ретінде алға шығып отыр. Сарапшылардың пікірінше, Түркияның білім беру саласындағы бұл қадамы тек академиялық емес, сонымен бірге дипломатиялық және мәдени ықпал да қалыптастыруда.

Шетелде білім алу бойынша кеңесшілер Түркия халықаралық студенттерді жай ғана “қонақ студент” ретінде емес, ұзақ мерзімді мәдени байланыстардың өкілдері (елшілері) ретінде бағалауы керектігін атап өтеді. Мамандардың айтуынша, дұрыс стратегиялар іске асырылса, Түркия жақын арадағы 10 жыл ішінде дүниежүзінің ең маңызды халықаралық білім беру орталықтарының біріне айналуы мүмкін.

Білім берудегі жаңа кезең

Сарапшылардың пікірінше, әлем халықаралық білім берудің жаңа жүйесіне қарай бағыт алды. Бұл жаңа кезеңде тек академиялық рейтингтер ғына емес, елдердің ұсынатын өмір қауіпсіздігі, қоғамдық бейбітшілік пен дағдарыстарды басқару қабілеті де чешуші мәнге ие болады.

Түркия болса соңғы жылдарда тастаған қадамдарымен бұл жаңа теңдеуде маңызды қатысушылардың біріне айнала бастады. Жастар үлесінің көптігі, мықты университеттік инфрақұрылымы, көпмәдениетті өмірі мен стратегиялық орналасуымен Түркияның алдағы жылдарда бұдан да көп халықаралық студентті өзіне тартатыны күтіледі.



АНАТОЛИЯНЫҢ ЕҢ ІРІ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ «TEKNOSEL 2026» АЯҚТАЛДЫ

«Selçuklu TEKNOSEL 2026» технологиялық фестивалі болашақтың дарындары марапатталған салтанатты әрі асқан қуанышты кешпен өз мәресіне жетті.



Селчуклу әкімдігі, Селчуклу аудандық ұлттық білім беру басқармасы, КОР аймақтық даму басқармасы және «InnoPark» технопаркінің бірлесіп ұйымдастыруымен өткен «TEKNOSEL 2026» технологиялық фестивалі үздік шыққан оқушыларды марапаттау рәсімімен аяқталды. Фестивальдің алғашқы 3 күндік кезеңі Селчуклу әкімдігінің халықаралық жабық спорт кешенінде роботтар жарысымен өтсе, технологиялық сайыстардың тартысты бәсекесіне ұласқан және әр жастағы адамдарға арналған түрлі іс-шаралар қамтылған 2-кезеңі Селчуклу конгресс орталығында ұйымдастырылды. Жас дарындар 6 күнге созылған фестиваль аясында технология саласы бойынша бақ сынаса, іс-шара өткен алаңға ағылған қонақтар да осы айтулы мерекенің куәсі болды. Фестивальдің соңғы күнінде өткен салтанатты шарада екі кезеңде де үздік деп танылған жеңімпаздар өз марапаттарына қауышты.

Осынымен үшінші рет ұйымдастырылып, ауқымды фестивальге

айналған «Selçuklu TEKNOSEL 2026» технологиялық фестивалінде Еркін және Арнайы санаттар бойынша жиынтығы 120 жоба, Газа тақырыбына арналған жасанды интеллект фильмдері байқауында 20 финалист, mBlock кодтау жарыстарында 355 үміткер және роботтар сайысының 7 санатында 567 команда бақ сынады.

«Осындағы инновациялық идеялар жаңа жобалардың дүниеге келуіне шабыт көзі болмақ»

Селчуклу әкімі Ахмет Пекятырмаджы «TEKNOSEL 2026» фестивалін сәтті аяқтап, оны керемет марапаттау рәсімімен қорытындылағандарын атап өтіп: «Сайысқа түскен командаларымыздың саны өте көп болды, сонымен қатар ең түрлі санаттар бойынша жүлдеге лайық деп танылған қатысушыларымыз да аз емес еді. Барлық командаларымызға, жарыс қатысушыларына марапаттарын табыстадық. TEKNOSEL 2026-ға үлес қосқан барлық серіктестерімізге алғыс айтамын. Бұл жерде жастарымыз

марапат алды: 1-орын, 2-орын, 3-орын иегерлері, ынталандыру (арнайы) жүлделер және қазылар алқасының арнайы жүлделері табысталды. Біздің фестивалге, жарыстарға қатысқан барлық командаларымыздың бәрі де біздің көзімізде жеңімпаз. Өйткені мұнда болу, осы жарыстарға қатыса алу, өздерінің ерекше әрі жаңашыл идеяларымен жобаларын ұсыну – істің ең маңызды бөлігі болып табылады. Осы тұрғыда жарысқа қатысқан барлық командаларымызды, студенттерімізді құттықтаймын және олардың еңбегін жоғары бағалаймын. Бұл – бастама. Мұнда болу, осы жердегі таныстырылымдарды жасау, жобаларды осында жүзеге асыру, сондай-ақ келген барлық қонақтар мен қазылар алқасына өз идеяларын жеткізіп, түсіндіре білу және сол идеялар арқылы шын мәнінде инновациялық өнімдерді шығара алу маңызды. ИншаАлла, мұнда ұсынылған жаңашыл идеялар алдағы уақытта жаңа ойлардың қалыптасуына және жаңа жобалардың пайда болуына шабыт көзі болады. ИншаАлла, командаларымыздың, студенттеріміздің және мектептеріміздің осы қызығушылығы болған сайын TEKNOSEL фестивалін дамытып, алдағы жылдары да оны одан әрі кеңейтіп, жалғастыратын боламыз», – деді ол.

Марапаттау рәсіміне Мерам ауданының әкімі және Селчук ауданы әкімінің міндетін атқарушы Байрам Йылмаз, КОР аймақтық даму басқармасының басшысы Мурат Каракойунлу, Конья облыстық жандармерия қолбасшысы Джемиль Лүтфи Өзкүл, Конья өнеркәсіп палатасының төрағасы Мұстафа Бүйүкеген, InnoPark бас директоры Али Кахраман, Хумар Кахраманлы Өрнек, Селчуклу муниципалитеті спорт клубының төрағасы Мұстафа Явуз Тежмен, Селчуклу қалалық кеңес мүшесі Айше Лүтфие Почаноғлу, сондай-ақ мұғалімдер, студенттер және олардың отбасылары қатысты.



СЕЛЬЧУК ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫ ЖАҢА ОРНЫНДА ДА ЖАСТАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕ

Жастарды әр жобасында бірінші орынға қоятын Сельчуклу муниципалитеті Босния және Герцеговина махалласында орналасқан және университет студенттері үшін таптырмас орынға айналған Сельчуклу Жастар орталығын жаңа орнында қайтадан пайдалануға берді. Орталық студенттердің жиі баратын орны болып қала беруде.



Сельчуклу муниципалитетінің жастарды алдығы орынға қоятын маңызды жобаларының бірі болып саналатын Сельчуклу Жастар орталығы енді жаңа орнында жастарға қызмет көрсетіп жатыр. Университет студенттеріне көрсеткен маңызды үлестері арқылы оларға жаңа көзқарас қалыптастыратын бұл орталық Сельчуклу муниципалитетіне тиесілі нысанда орналасқан және қайтадан студенттердің ең сүйікті баратын орындарының бірі болмақ. Өз құрамында оқу бөлмелері, әлеуметтік аймақтар, кітап оқу және демалыс алаңдары сияқты көптеген мүмкіндіктері бар Сельчуклу Жастар орталығы студенттерге қолайлы орта ұсынып, университет студенттерінің жанынан қолдау көрсетуді жалғастыруда. Күн сайын орта есеппен 600 студент пайдаланатын Сельчуклу Жастар орталығының жаңа мекенжайында да жастар үшін барлық жағдайлар қарастырылған. Орталықта кітапхана, интернет байланысы, асхана, 80 адамдық оқу залы, 100 адамдық конференц-зал, 1 жиналыс залы және 1 ойын алаңы бар. Төраға Пекятырмаджы: «Біздің Жастар орталығымыз жаңа орнында жаңа серпінмен жастарымыздың көзайымына айнала бермек»

Сельчуклу Жастар орталығының студенттері әлеуметтік, мәдени және ғылыми іс-шараларын жүзеге асыра алатын маңызды орын екенін айтқан Сельчуклу қаласының әкімі Ахмет Пекятырмаджы: «Сельчуклу Жастар орталығы жаңа орнында да студенттердің ең көп таңдайтын орындарының бірі болады.» Босния және Герцеговина ауданында студенттер саны өте көп болғандықтан, университет студенттеріне бағытталған бұл жастар орталығын жаңа орнына көшіру арқылы оның қызмет көрсету мүмкіндігін арттырдық. Сельчуклу Жастар мәслихаты ұйымдастыратын іс-шараларды қоса алғанда, университет студенттік топтары және азаматтық қоғам ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырылатын әлеуметтік, мәдени және білім беру бағдарламалары арқылы студенттердің мансаптық жоспарларына үлес қосамыз. Сондықтан біздің орталығымыз тек сабақ оқитын орын ғана емес, олардың өздерін үйіндегідей сезінетін жылы ұясы болып табылады. Студенттеріміздің бұл жерге деген қызығушылығы бізді өте қуантады. Муниципалитетімізге тиесілі жаңа жастар орталығының университет студенттерімізге сәтті әрі қайырлы болуын тілеймін», – деді.



Ертегілер елі: Каппадокия

Каппадокия... Қиялдағыдай көрінетін бұл өлке өзінің ерекше табиғатымен, таңнан кешке дейін тамсандыратын пейзаждарымен, жұмсақ жартастарға қашалған көне құрылыстарымен, пері мұржаларының үстінен қалқып өткен түрлі-түсті әуе шарларымен және тарихтың сырлы іздерімен сізді уақыт саяхатына шақырады.

Бұл аймақтың ұлы тарихы миллиондаған жылдар бұрын Орталық Анатолиядағы екі алып жанартаудың — Эржиес пен Хасан тауларының атқылауынан басталған. Аймақты басқан туф пен базальт қабаттары жел мен жаңбырдың әсерінен эрозияға ұшырап, бүгінде Каппадокияның символына айналған ертегідей пері мұржаларын пайда қылған.

Табиғат өз шедеврін жаратқаннан кейін, адамдар да бұл жерде өшпес із қалдырды. Көш-кондар, шапқыншылықтар және әртүрлі өркениеттер Каппадокия тарихына жаңа парақтар қосты. Бүгінде бұл көне ескерткіштер сізді сиқырлы дүниеге саяхаттауға үндейді. Сіз бұл ерекше әсерді сезінуге дайынсыз ба?

ЕРТЕГІДЕЙ ПАНОРАМАЛЫҚ КӨРІНІС

Бұл аймаққа келгенде ең алдымен көзіңізге аспанмен таласқан зор жартастас — Учхисар қамалы түседі. Бұл әсерлі ескерткіштің айналасында Каппадокиядағы ең көркем жаяу жүру маршруттарының бірі — Гүвержинлик (Кептерлер) аңғары орналасқан.

Учхисар алғашқыда қамалдың айналасында құрылған шағын ауыл болып, бара-бара тау бөктеріне дейін кеңейген. Кейбір аңыздарда Учхисар қамалынан Ихлара аңғарына дейін созылып жатқан жер асты жасырын туннельдері болғаны айтылады. Бұл оның тарихына одан сайын жұмбақ сыр қоса түседі.

Бүгінде қамалдың айналасында ұлттық кілемдерді, мәрмәрдан жасалған әдемі бұйымдарды, айналарды және жол-жөнекей дәм татуға таптырмас кептірілген жемістер мен жаңғақтарды сағатын шағын дүкендер орын тепкен.

САЯХАТ СҮЙЕР ҚАУЫМНЫҢ ЖҰМАҒЫ

Саяхатыңызды аймақтың қасиеттерімен — Гөреме қалашығынан жалғастырыңыз. Бұл жер көптеген туристерді қабылдағанына қарамастан, өзінің тыныш әрі уақытқа

Каппадокия — Түркияның орталық бөлігінде орналасқан, жыл сайын миллиондаған туристерді өзіне баурап алатын ғажайып аймақ. Табиғи сұлулығы, бай тарихы және өзгеше мәдениетімен бұл жер ашық аспан астындағы мұражайды еске түсіріп, келген әрбір жанға ұмытылмас әсер қалдырады.



бағынбайтын өзгеше атмосферасын сақтап қала алған.

Мыңдаған жылдар бойы жел мен жаңбыр айналадағы ғажайып ландшафттарды қалыптастырып келді. 1985 жылдан бастап ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген Гөреме адамға ерекше сиқырлы көңіл-күй сыйлайды.

Бұл жердегі жартаста қашалған шіркеулер мен Деринкую, Қаймаклы сияқты жер асты қалалары — өткен дәуірлердің үнсіз куәгерлері. Олардың



қабырғаларындағы фрескалар (қабырға суреттері) Иса пайғамбардың өмірін таңғажайып детальдармен бейнелейді.

Бұл құрылыстардың ең көрнектілерінің бірі — Гөреме Ашық аспан астындағы мұражайындағы «Қараңғы шіркеу». XI ғасырдың аяғы — XII ғасырдың басында салынған бұл шіркеу ішіне жарық аз түсетін кішкентай терезесіне байланысты осылай аталған. Дәл осы жарықтың аздығы фрескалардың түсін ғасырлар бойы бұзбай сақтап, бүгінгі күнде де Киелі Кітаптағы көріністерді өзінің алғашқы көркемдігінде тамашалауға мүмкіндік береді.

БИКТЕН КӨРІНГЕН КЕРЕМЕТ

Таң атқанда Каппадокияның ең танымал визит картасы саналатын әуе шарларымен аңғарлардың үстінен ұшып өтуге болады. Аспаннан қарағанда аңғарлар жұмсақ түстер мен көркем текстуралардан тұратын керемет панораманы ұсынады.

20 жылдан астам уақыттан бері Каппадокия әлемдегі ең әйгілі әуе шары орталықтарының бірі болып табылады. Таңертең ерте Гөремеге айналасынан ұшырылған шарлар 500 метр биіктікке дейін көтеріліп, бұл аймақты мүлдем басқа қырынан көруге жағдай жасайды.

АСЫЛ ТАСТАР САҚТАЛҒАН ҚОРАПШАДАЙ ҚАЛА

Гөремеден шығысқа қарай бағыт алсаңыз, Үргүп қаласына жетесіз. Бұл — Каппадокиядағы ең үлкен елді мекен болып есептеледі және тарихты, өнерді, заманауи өмірді өз бойына үйлестіреді.

Тастан салынған зәулім сарайлар мен үнгір үйлер аймақтың ерекше рухын аңғартып тұрады. Жергілікті базарлардан қолдан тоқылған маталарды, пері мұржаларының кішкентай мүсіндерін және дәстүрлі колонер бұйымдарын табуға болады.

Бұл жерден ұзақ емес қашықтықта Каппадокияның мәдени орталығы саналатын Аванос қалашығы орналасқан. Ол өзінің көне қыш құмыра жасау өнерімен аты шыққан.

Ал күн батқан сәтті қарсы алу үшін ең тамаша орын — Чавушин ауылы мен Ортахисардың жанындағы Қызылчукур (Қызыл) аңғары. Күн ұясына батар шақта қызыл туф жартастары алтын-қызыл түске боялып, романтикалық әрі ұмытылмас көрініс тудырады. Саяхатшыларға күн батуға біраз уақыт қалғанда жаяу шығып, бақылау алаңына дер кезінде жетіп алу ұсынылады.

ЖАНАРТАУ КҮЛІНЕ ҚАШАЛҒАН ӨМІР

Келесі бағытыңыз алғашқыда көзге аса түспеуі мүмкін, бірақ барғаннан кейін сізді сөзсіз тамсандырады. Гөремеден бірнеше минуттық қана қашықтықта орналасқан Чавушин ауылы көне қирандыларға өте бай.

Бұл жерден тас ғимараттарды, пері мұржаларын және тарихи ауыл алаңдарын кездестіруге болады. Одан әрі тереңдей түссеніз, I ғасырдан X ғасырға дейінгі кезеңге жататын шіркеулер мен монастырларды көре аласыз.

Саяхатыңызды жалғастырыңыз. Гүллүдере (Роза) және Қызылчукур аңғарларындағы жасырын шіркеулерге тап боласыз. Олардың ішіндегі ең әсерлісі — жартастың дәл жиегінде орналасқан Әулие Иоанн Шокындырушы шіркеуі.



ӨТКЕН ДӘУІРЛЕРГЕ ШЕКСІЗ САЯХАТ

Шексіз ғаламда өмір сүріп жатқан адам баласына кейде айнала тым таныс, үйреншікті болып кеткендей көрініп, жаңа ашылуларды іздегіміз келеді. Бірақ күнделікті тіршіліктің күйбеңнен де ашылмаған қазыналар мен сырлы сәттерді табуға болады.

Каппадокия — дәл сондай сирек кездесетін, сиқырлы мекендердің бірі. Бұл аймақ сізге күнделікті уайым-қайғыңызды ұмыттырып, дүйнге қайтадан балалық таңғалыспен қарауға мүмкіндік береді.

Егер жолыңыз түсіп жатса, бұл ғажайып өлке сіздің үмітіңізді ешқашан алдамайды.





Стамбул: Құрлықтар мен Ғасырлар Тоғысқан қала

Стамбул — Түркияның қайнаған мегаполисі, өткен шақ пен бүгінгі күн табиғи түрде астасқан, сиқыры шексіз қала. Еуропа мен Азияны біріктіріп, екі құрлықтың ортасында орналасқан бұл ғажайып қала қос әлемнің ең үздік қасиеттерін бойына сіңірген. Мұндағы әрбір қадам тарихтың ізін аңғартады, осылайша қала мәдениеттің, тарих пен замануи өмірдің тірі мұражайына айналған.

Тарихи ескерткіштері, қайталанбас ұлттық тағамдары, жалынды түнгі өмірі, өнер және музыка фестивалдері, әртүрлі діни мұрасы, лабиринт іспетті базарлары және Қыз мұнарасының карауындағы жан тебіренерлік Босфор бұғазы Стамбулды әрбір саяхатшының арманына айналдырады. Бұл құрлықаралық мегаполис — мәдениеттер тоғысқан үлкен қазан; мұнда кулинарлық дәмдер, өнер мен сәулет өнері Босфордың көз тартар сұлулығымен астасып жатыр.

Стамбул күтпеген жаңалықтарға толы қала — тарихи орындардан бастап, жаңадан танылып келе жатқан дизайнерлер мен суретшілерге дейін. Өз ырғағыңызды таңдап, қаланың қайталанбас энергиясына бөленіңіз.

СТАМБУЛДЫҢ ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ОРТАЛЫҒЫ

Бүгінгі таңда Стамбул өнер, музыка және мәдениеттің қайта өрлеу дәуірін бастан кешіруде. Оның бай тарихи мұрасы жанартылған аудандар мен жағалау аймақтарымен үйлесім тауып, жаңа мұражайларды, заманауи сәулет өнерін, мейрамханаларды, барларды, дәмханалар мен мәдени орталықтарды күшәк жая қарсы алууда.

Қала дәстүр мен заманауилықты өте шебер үйлестіреді. Ескі қала бір кездері осы жерде билік құрған көптеген империялардың ықпалын көрсетеді; қаланың аспанмен таласқан келбеті саясат, дін және өнер туралы сыр шертеді, ал сәнді аудандары әлемдік мегаполистен күтуге болатын барлық мүмкіндіктерді ұсынады. Уақыттан да көне мұраларға тамсаныңыз, тарихи орындарды тамашалаңыз және қаланың заманауи мәдени өмірін — жаңа буын көркемсурет галереяларынан бастап жағалаудағы инновациялық гастрономиялық орындарға дейін жіберіп алмаңыз.

ӘЛЕМДІК ДІНДЕРДІ ЖӘНЕ ҚҰЛШЫЛЫҚТЫ ҚҰШАҚ ЖАЯ ҚАРСЫ АЛҒАН ҚАЛА

Стамбулдың мәдени әртүрлілігі оның діни сәулетінде анық көрінеді. Шіркеулер, мешіттер мен синагогалар бейбіт қатар өмір сүріп, қаланың космополиттік тамырын айғақтайды.

Балат, Галата және Бейоглу сияқты тарихи аудандарда әртүрлі діндердің құлшылық орындары орналасқан. Қаланың бұл ерекше бөлігінде сіз бір күннің ішінде шіркеуге, мешітке және синагоғаға бірінен соң біріне бас сұғып, Стамбулдың тарихи және рухани казыналарына терең бойлай аласыз.

КЕРЕМЕТ ШОПИНГ ТӘЖІРИБЕСІ

Стамбулда сауда жасау — өз алдына бір ерекше әсер. Түркияның сән және бизнес орталығы ретінде қала заманауи сауда орталықтары мен кең даңғылдардан бастап, Фатих ауданындағы ғасырлар тоғысқан Үлкен Базарға (Гранд Базар) дейін сан алуан мүмкіндіктерді ұсынады.

Сәнді брендтерді немесе колжетімді бағадағы бұйымдарды іздесеніз де, Стамбулда кез келген талғамға сай таңдау бар. Құнды заттар мен қадесый іздеушілер дәстүрлі базарлардың көшелерін аралай алады, ал заманауи сәнді ұнататындар қала бойынша орналасқан озық butikтерден қалағанын табады.

СТАМБУЛДАҒЫ ГАСТРОНОМИЯЛЫҚ САЯХАТТАР

Стамбулдың кулинарлық әлемі оның үнемі өзгеріп тұратын жалынды өмірін көрсетеді. Тас төселген көшелердегі жайлы мейхане таверналарынан бастап Босфордың зәулім көрінісі ашылатын жоғары деңгейлі мейрамханаларға дейін бұл қала — нағыз дәмсіздер қауымының жұмағы.

Заманауи өнер галереяларының жанындағы сәнді мейрамханалар түрік және Жерорта теңізі астарының дәмін ұсынып, дәстүрлі мезе тағамдарын заманауи фьюжн әдістерімен үйлестіреді. Бейоглудағы кейбір шатырдағы және беделді орындар әлемдегі ең үздік 50 мейрамхананың (World's 50 Best Restaurants) тізіміне де енген.

«Жаңа Анадолия асханасы» философиясы Стамбулдың тамақтану мәдениетінің негізін құрайды, ол дәстүрлі өнімдерді, мәдениет пен әдістерді заманауи жаңашылдықпен ұштастырады. Қала сонымен қатар оның гастрономиялық әлемінің сан алуандығы мен сапасын дәлелдейтін атақты MICHELIN гидінде де өз орнын алған.

Көше тағамдары, Босфордан жаңа ауланған балықтар, дәстүрлі халықтық асханалар (эснаф локанталары), акиде кәмпігі, лукум және бір шыны түрік кофесі — қандай дәм қаласаңыз да, Стамбул сізді риза етеді. Қаланың барлық дәмін толық сезіну үшін міндетті түрде қарныңызды ашықтырып келуді ұмытпаңыз.


ҚАЛАДАН ТЫС КЕРЕМЕТ ДЕМАЛЫС

Мәрмәр теңізіндегі Принц аралдары — Стамбулдың Еуропа және Азия жағалауларынан пароммен қысқа уақытта жетуге болатын тыныш мекен. Көлік қозғалысы



жоқ және негізінен Осман дәуірінің сәулетін сақтап қалған бұл тоғыз арал (төрт үлкен және бес кіші) жаяу серуендеу мен велосипед тебуге өте қолайлы. Негізгі аралдарда жаңа электрлі автобустар да қызмет көрсетеді.

Қаладан ұзамай-ақ табиғат аясында демалғысы келетіндер үшін Белград орманы, Эмирман паркi, Айдос орманы және Отагтепе Фатих тоғайы тамаша таңдау болып табылады. Бұл жерлер пикник ұйымдастыруға, серуендеуге немесе табиғаттың сұлулығынан ләззат алуға таптырмас мүмкіндік береді.





Оқудан тыс өмір

Түркия өзінің бай мәдени және қоғамдық өмірімен студенттерге сабақтан тыс түрлі мүмкіндіктер ұсынады. Кинотеатрлар мен театрлардан бастап концерттерге, тарихи орындарға саяхаттарға дейін әркім өз қызығушылығына сай іс-шараларды таңдай алады.

CEYDA KARAASLAN

Университетте білім алу тек дәрістерге қатысып, аралық (midterm) және қорытынды (final) емтихандарға дайындалумен ғана шектелмейді. Түркияның бай мәдени және қоғамдық өмірі студенттерге сабақтан тыс уақытын қызықты әрі пайдалы өткізуге мүмкіндік береді. Төменде Түркия Жоғары білім кеңесінің (YÖK) Study in Türkiye платформасында ұсынылған мүмкіндіктердің кейбірі берілген.

- Студенттік клубтар: Әр университетте ортақ қызығушылықтары бар студенттердің басын қосатын және түрлі іс-шаралар ұйымдастыратын студенттік клубтар жұмыс істейді. Мысалы, астрономия клубы Күн немесе Ай тұтылуын бірге бақылауды ұйымдастырса, фотографтар клубы қала аралап, ерекше сәттерді суретке түсіруге мүмкіндік береді.

Егер археологияға қызықсаңыз, археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп жатқан орындарға саяхат ұйымдастыратын клубқа қосыла аласыз. Музыканы ұнатсаңыз, джаз клубында өнеріңізді көрсете аласыз. Гастрономия клубтары Түркияның көпшілікке онша таныс емес ұлттық тағамдарын танып-білуге мүмкіндік береді. Ал киносүйер қауым әлемдік және түрік киносының классикалық туындыларын немесе заманауи фильмдерді бірге көріп, талқылайтын клубтарға қатыса алады. Ең бастысы – өзіңіз қызығатын бағытты таңдап, клубқа мүше болыңыз.

- Кино: Түркиядағы кинотеатрлардың

саны жыл сайын артып келеді. Олардың бір бөлігі қала орталықтарында орналса, енді бір бөлігі ірі сауда орталықтарында жұмыс істейді. Көптеген фильмдер Түркияда әлемнің басқа елдерімен бір мезгілде дерлік көрсетіледі.

Танымал фильмдерден бөлек, тәуелсіз және авторлық кино көрсететін шағын кинотеатрлар да бар. Көпшілік фильмдер түпнұсқа тілінде түрік тіліндегі субтитрлермен көрсетіледі.

Жыл сайын Түркияның әртүрлі қалаларында халықаралық кинофестивальдер өтеді. Солардың қатарында Antalya Golden Orange Film Festival, Istanbul Film Festival, Adana Golden Boll Film Festival, Ankara Film Festival, Mobile Film Festival және Malatya International Film Festival бар. Бұл фестивальдерде фильмдер түпнұсқа тілінде көрсетіліп, көбіне түрік және ағылшын тілдеріндегі субтитрлермен ұсынылады.

- Театр: Түркиядағы театрлар мемлекеттік театрлар, муниципалдық театрлар және жеке театрлар болып үш санатқа бөлінеді. Бұл театрларда түрік драматургтерінің де, әлемге әйгілі драматургтердің де шығармалары сахаланады.

Танымал қойылымдардың билеттері көбіне бірнеше апта бұрын сатылып кетеді. Сондықтан театрға баруды алдын ала жоспарлаған жөн. Қойылымдардың басым бөлігі түрік тілінде қойылады.

Студенттер кинотеатрлар мен театрларға жеңілдетілген бағамен



билет сатып ала алады. Ол үшін кассада студенттік куәлігіңізді көрсету жеткілікті.

- Концерттер: Егер жанды музыканы тыңдауды ұнатсаңыз, білім алып жатқан қалаңызда жергілікті

музыкалық топтардың концерттеріне немесе Түркияның танымал әншілері мен музыканттарының концерттеріне қатыса аласыз. Поп-музыкадан бастап түрік классикалық музыкасына, халық музыкасынан хип-хопқа дейін әртүрлі музыкалық жанрлар сізді күтеді.

- Мұражайлар мен тарихи орындар: Тарих бойы көптеген өркениеттер мен империялардың мекені болған Түркия мұражайлар мен тарихи ескерткіштерге өте бай.

Білім алып жатқан қалаңыздағы мұражайлар мен тарихи орындардан бөлек, адамзат тарихы үшін айрықша маңызға ие Эфес, Аяя-София Үлкен мешіті, Гөбеклітепе, Памуккале, Топкапы сарайы сияқты тарихи нысандарды міндетті түрде аралаған жөн.

Түркиядағы мұражайлар мен тарихи орындардың толық тізімін Түркияның Мәдениет және туризм министрлігінің ресми музейлер порталынан таба аласыз.

- Спорт: Түркияда спорт ерекше танымал. Ең көп қызығушылық тудыратын спорт түрлері – футбол, баскетбол және волейбол. Ұлттық лигалардағы жарыстар жоғары деңгейде өтіп, көрермендер үшін өте тартымды болады. Билеттердің басым бөлігі онлайн сатылады.

Егер спортпен белсенді айналыссаңыз, университетіңіздегі спорт нысандарын тегін немесе символикалық ақыға пайдалана




аласыз. Сонымен қатар кампуста ұйымдастырылатын жарыстарға қатысып немесе университеттің спорт командаларының құрамына қосыла аласыз.

- Сауда орталықтары: Түркияның ірі қалаларының барлығында дерлік заманауи сауда орталықтары бар. Мұнда күнделікті қажетті заттардың барлығын сатып алуға ғана емес, кинотеатрларға, ойын-сауық орталықтарына және мейрамханаларға баруға да болады. Әсіресе демалыс күндері мен мерекелер қарсаңында сауда орталықтарында келушілер саны айтарлықтай көп болады.



Қара теңіз жағалауындағы саяхат: Түркияның зұбаржат жәннаты



Түркияның Қара теңіз жағалауы мүлдем бөлек бір әлемді елестетеді — бір жағы көгілдір теңіз, екінші жағы жап-жасыл, асқақ таулармен қоршалған тар таспа бойында тізілген көрікті ауылдар. Шетелдік саяхатшылар бұл аймаққа көп мән бере бермегенімен, бұл өлке өзінің тұнық табиғаты, бай жергілікті өмірі және көруге тұрарлық сан алуан қызықтарымен Түркияның шынайы сұлулығын паш етеді.

Егер сіз теңдессіз табиғат құшағына еніп, ашық жолда ұзақ әрі әдемі саяхатқа шыққыңыз келсе, Түркияның Қара теңіз аймағы дәл сіз іздеген мекен. Бұл солтүстік жағалау өзінің жап-жасыл пейзаждары, ғасырлар қойнауынан жеткен мәдениеті және дәмді асханасымен саяхатшыларға Түркияның ең сиқырлы, жасырын қазыналарын ашуға мүмкіндік береді.

СИНОП

Қара теңіздегі шытырман оқиғаның алғашқы аялдамасы — Синоп қаласы. Түркияның ең көне қоныстарының бірі саналатын Синоп өзінің ұзақ тарихында ежелгі гректердің, римдіктердің және түріктердің мекені болған. Қаланың ылғалды, субтропикалық климаты өсімдіктердің әртүрлі түрлерінің өсуіне қолайлы жағдай жасап, әр маусымда құбылатын суреттей көркем пейзаж қалыптастырады.

Бұл жерде міндетті түрде көруге тиіс орын — «Анадолының Алькатрасы» деген атпен танымал Синоп бекініс-түрмесі (Sinop Fortress Prison). Біздің заманымызға дейінгі VII ғасырға жататын бұл құрылысты кейіннен Осман империясы түрмеге айналдырған. Тағы бір маңызды тарихи ескерткіш — Соңғы Рим дәуіріне жататын, бірақ Осман бекіністеріне ұқсайтын Боябат камалы (Boyuabat Castle). Төбенің басында орналасқан бұл камалдан бүкіл қала алақандағыдай көрінеді.

Дәмсүйер қауым бұл жерден Синоп мантисын (Sinop mantı) татпай кетпеуі керек. Түркияның әдетте айран және суспен ұсынылатын классикалық мантисынан ерекшелігі, Синоп мантисының жартысына сарымсақ қосылған немесе қосылмаған айран, ал екінші жартысына ұсақталған жанғақ себіліп, ерекше дәм үйлесімін сыйлайды.

ГИРЕСУН

Гиресун қонақтарды асқақ тау көріністерімен, жап-жасыл жайлауларымен және сарқырамаларымен қарсы алады.

Қара теңіздегі ең үлкен аралдардың бірі — Гиресун аралы (Giresun Adası) кезінде аты аңызға айналған Амазонка жауынгер әйелдерінің табыну орны болған деп есептеледі. Бүгінгі таңда ол өзінің бейбіт табиғаты мен бай мәдени мұрасымен саяхатшыларды баурап келеді.

Саяхатыңыз барысында Кузалан (Kuzalan) сарқырамасын, сондай-ақ таудың таза ауасымен тыныстап, табиғаттың сұлулығына тамсанатын Күмбет (Kumbet) және Кулаккая (Kulakkaı) жайлауларын міндетті түрде аралаңыз. Және әрине, өзінің ерекше дәммен әлемге танымал Гиресун фундугін (орман жаңғағын) дәмін татуды ұмытпаңыз.

ТРАБЗОН

Қара теңіз жағалауының інжу-маржаны болған Трабзон — табиғаттың, тарихтың және гастрономияның тамаша үйлесімін ұсынады. Саяхатыңызды аймақтың ең көрікті жерлерінің бірі — Алтындере ұлттық паркінен (Altındere National Park) бастаңыз. Осы аңғардың бауырында, тік құз жартастың бетіне таңғажайып шеберлікпен салынған, Христиан-православиелік Сумела монастыры (Sümela Monastery) орналасқан. Тұманға оранып, қалың орманмен қоршалған бұл мекен сізге бейне бір ертегі әлеміне қадам басқандай сезім ұялатады.

Трабзоннан кетер алдында жасыл тау бөктерлері мен ағаштан салынған әдемі үйлермен қоршалған Узунгөл (Uzunğöl) көліне соғыңыз. Бұл жер табиғат сұлулығына тамсана отырып, жаңа ауланған балықтан дәм татуға немесе әйгілі Трабзон нанын жеп демалуға таптырмас орын.

Егер сіз дәмді тағамдарды ұнатсаңыз, Ақчаабат (Akçaabat) ауданына барып, оның әйгілі Ақчаабат котлетін (Akçaabat köfte) жеп көруіңіз керек. Трабзонның қай жеріне барсаңыз да, бұл аймақтың бай асханасы сіздің есіңізде мәңгі сақталады.

РИЗЕ

Түркияның шай астанасы ретінде белгілі Ризе қаласы өзінің тұманды

тауларымен және шексіз созылып жатқан шай плантацияларымен әрбір саяхатшыны сусындырады. 1947 жылы негізі қаланған шай зауытына бас сұғып, Түркияның шай өсіру тарихымен танысыңыз және жаңа демделген шайды дәл өз бастауынан татып көріңіз.

Чамлыхемшин (Çamlıhemşin) ауданында 1696 жылы салынған, Фыртына (Firtına) өзенінің үстінен маңғаздана созылып жатқан Осман дәуірінің тас көпірі — Шенюва көпірін (Şenyuva Bridge) көруді жіберіп алмаңыз. Оның жанында суы 15 метрлік терең шатқалға гүрілдей құйылып, таңғажайып табиғи көрініс тудыратын Паловит (Palovit) сарқырамасы жатыр.

Ризедегі саяхатыңызды альпі шалғындары, мәңгі жасыл ормандары және термалды бұлақтарымен танымал әйгілі Айдер жайлауында (Ayder Highlands) қорытындылаңыз. Жаяу саяхатшылар мен фотографтар арасында өте танымал Айдер — бүкіл Түркиядағы ең көрікті пейзаждардың бірі.

АРТВИН

Қара теңіздегі автосаяхатыңызды сиқырлы аяқтау үшін қол тимеген табиғатымен және тау кереметімен тамсандыратын Артвин аймағына бет алыңыз. Борчка Карагөл ұлттық паркі (Borçka Karagöl National Park) — бұл саяхаттың ең маңызды бөлігі. Бұл жердегі бейбіт Борчка және Шавшат көлдерінің бетіндегі таулардың шағылысуы айналаға мистикалық әрі сиқырлы атмосфера сыйлайды.

Артвинде болғанда жергілікті дәмдерден ләззат алыңыз: ерітілген Колоот ірімшігі (Kolot cheese) мен сары майдан жасалған ыстық күймақты (kuymak) жеп көріңіз, немесе тау бөктерінен жаңа ғана терілген бір стакан шаймен бірге жаңа ауланған балықтың дәмін татыңыз. Бұл Түркияның ең жасыл және жаңға бейпілдік сыйлайтын аймағына жасаған саяхатыңыздың ең тамаша нүктесі болмақ.



Жоғары сапалы желімен шексіз әлеуметтік желіні пайдаланыңыз

Алдын ала
төлеммен



1 апта
шектеусіз

Тегін WhatsApp
хабарламалары

25 ГБ

750
МИН

750
хабарлама

50 ГБ

1500
МИН

1000
хабарлама

75 ГБ

750
МИН

750
хабарлама



Егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін ең жақын Түрк Телеком дүкеніне соғыңыз.

Шетелдік төлқұжат пен жеке куәлік арқылы жаңа Сим карта сатып алған тұтынушыларға арналған.
Қамту аймағы мен қабылдау жағдайға қарай өзгеруі мүмкін.

Абоненттер сим картасын сатып алғаннан кейінгі алпыс күн ішінде тек қана бір пакеи сатып ала алады. 25 ГБ мен 50 ГБ жоспарлары 28 күнге, 75 ГБ 15 күнге жарамды. Пайдалану мерзімінің соңында кез-келген артықшылықтар жойылады және жоспар автоматты түрде жаңартылмайды. Артықшылықтар аударылмайды. Шегінен асып кеткен қолдану үшін қосымша ақы алынады. Сымсыз байланыс төлемі бөлек алынады. Пакет ақылары мен басқа мәліметтер үшін: <http://turktelecom.com.tr>

Türk Telekom
Değerli Hissettirir

